Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№15 (1018)

16.04.2021

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ

РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!



Құрметті қауым!

Баршаңызды он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазанның басталауымен шын жүрек-тен құттықтаймын! Отбасыларыңызға бақ пен береке тілеймін! Жаратушы Жаббар Иеміз әрбір ізгі амалдың сауабы еселеніп жазылатын берекелі айда ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, оқыған намазымызды, орынды себептермен ауыз бекіте алмай қалған жандардың берген садақаларын қабыл еткей!

Рамазанда ауыз бекіткен исі мұсылман баласы өзін ішіп-жеуден ғана шектемей, жаны мен тәнін жамандықтан сақтап, ізгілікке ұмтылады. Іс-әрекетін мұсылманға тән әдеп аясында орындауға тырысады. Өйткені, Рамазан – кез келген ізгі амалды риясыз ниетпен жасауға тәрбиелейтін, адамды тақуалыққа үйрететін ай. Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға берілетін сый мен құрмет ерекше болмақ.

Алла Тағала Құдси-хадисте: *«Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен беремін. Аузы берік құлымның аштық пен шөлдеу себебінен шыққан ауыз иісі Мен үшін миск әтірінен де қайырлы»,* – деген.

Қадірлі жамағат!

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Ихсан ілімін» кеңінен насихаттап келеді. Ихсан – пенденің иманын бекемдеп, құлшылыққа деген құлшынысын арттыратын, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіре түсетін рухани ілім. Бұл – әр амалды көркем түрде орындауға үйрететін ілім. Осы ретте рухани кемелдену айы – Рамазанда барынша әдепсіз әрекет пен қате-кемшіліктен арылып, тұлабойымызда көркем мінез құндылықтарын қалыптастыруға тырысқанымыз абзал.

Алла Тағала жер бетінен жұқпалы індетті жойып, адамзатты қауіп-қатерден аман еткей. Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ

науқаны жалғасуда

Биылғы жылдың екінші жартыжылдығына мерзімді басылымдарға жазылу басталды, – деп хабарлайды Қазпошта АҚ Алматы облыстық филиалы.

2021 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша «Қазпошта» АҚ арқылы Қазақстанда газеттер мен журналдарға жазылудың жалпы көлемі 55,6 млн. дананы құрады. Ел бойынша барлығы 170 республикалық және 543 аймақтық газет жазылым бойынша таратылады. Жазылудың жалпы көлеміндегі республикалық басылымдардың үлесі 44%, өңірлік басылымдардың үлесі 54% құрады. Тираждың 2%-ы халықаралық мерзімді басылымдарға тиесілі. Еліміздің тұрғындары «Қазпошта» АҚ арқылы Қазақстанның және Ресей, Беларусь, Украина мемлекеттерінің 3 мыңнан астам газет-журналдарына жазылу мүмкіндігіне ие.

Газеттер мен журналдарға жазылу ауылдарда көп тіркелген. Жазылудың жалпы көлемінде оның үлесі 71% құрайды. Ауыл тұрғындары облыстық, қалалық және аудандық басылымдарға жазылғанды (жалпы тираждың 58%-ы) жөн көреді.

Жазылу бойынша Қазақстанның өңірлері арасында Алматы, Ақтөбе, Қарағанды және Жамбыл облыстары көш бастап тұр.

Қазірдің өзінде 2021 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу басталып кетті. Барлық ниет білдірген тұрғындарға республикалық және аймақтық басылымдарға 25 маусымға дейін, шетелдік газет-журналға 10 маусымға дейін жазылуға мүмкіндік бар. Мерзімді баспасөзге жазылуды кез келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде ресімдеуге болады.

АНДАТПА

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ? 4-бет

ЕКПЕ ЕГУ
екпінді жүруде

ДЕНСАУЛЫҚ 7-бет

НҰРЛЫ-АРАСАНҒА БАРЫҢЫЗ!

ТАРИХИ ДЕРЕК 8-9 бет

ҚОНАЕВҚА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

ОФИЦИАЛЬНО 10 стр.

АКТИВНО ОСВАИВАТЬ КОСМИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӘСІПКЕРЛІК

192 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, 2020 ЖЫЛДАН БАСТАП АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА «ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» САЛАЛАРЫН ДАМЫТУ ШЕҢБЕРІНДЕ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ ЖЕҢІЛДІКТІ НЕСИЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ СОМАСЫ 57,1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ 192 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ. АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН, ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ АҒАШ ӨҢДЕУ, ӨНЕРКӘСІП, ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ ЖӘНЕ БАСҚА САЛАЛАРДАҒЫ ЖОБАЛАР ЖЕҢІЛДІКТІ НЕСИЕ АЛДЫ.

Жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу және сүйемелдеу мақсатында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының жанынан Жобалық кеңсе құрылып, оның жұмысына Алматы облысының Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының, «Даму» КДҚ филиалының, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалының және екінші деңгейдегі банктердің өкілдері тартылды.

«Жалпы бағдарлама бойынша біз құны 86,2 млрд теңге болатын 265 жобадан тұратын жобалар тізілімін әзірледік. Бағдарламаның операторлары екінші деңгейлі банктер мен Аграрлық несие корпорациясы болып табылады. Бүгінгі таңда банктер мен Аграрлық несие корпорациясы тарапынан жалпы сомасы 57,1 млрд теңгеге 192 жоба мақұлданды. Кәсіпкерлік субъектілері қаражатты өндіріс орнын кеңейтуге, мал мен техниканы сатып алуға, көктемгі егіс жұмыстарына алды. Қазіргі таңда тағы 21 жоба қарастырылу үстінде. 38 жоба бойынша құжаттар жиналып, бизнес-жоспарлар жасалуда», - деп атап өтті Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов.

Мысалы, бағдарлама бойынша Талдықорған қаласындағы «Жұмағали» шаруа қожалығы дәнді (күріштен басқа), бұршақ және майлы дақылдарды өсіруге 75 млн теңге алды. Талғар ауданында кеңселік және студиялық жиһаз өндіретін «Р. Т. Z.» ЖШС зауыты 500 млн теңгеге қаржыландырылып, бүгінде өндірісін кеңейту мен өнім жинағын үлкейтуде. Бағдарламаның арқасында Еңбекшіқазақ ауданындағы «Альтаир» өндірістік кооперативіне құрастырмалы темірбетон және бетон конструкциялар мен бұйымдар өндірісін іске қосу үшін 135 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілді. Кеген ауданында «Тасбұлақ» ЖШС 8,8 млн теңгеге жылқы сатып алып, мал фермасын ашты.

Естеріңізге сала кетейік, «Қарапайым заттар экономикасы» салаларын дамыту аясында басым жобаларға жеңілдікті несие беру бағдарламасы елімізде 2019 жылы іске қосылды.

Ш. ХАМИТОВ.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЕЛІМІЗДЕ АЛҒАШ РЕТ ПЕДАГОГТЕРГЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ» МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАСЫ БЕРІЛДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН 20-ДАН АСТАМ МҰҒАЛІМ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ. БҰЛ АТАҚҚА АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҮШ БІРДЕЙ ҰСТАЗЫ ЛАЙЫҚ ДЕП ТАНЫЛДЫ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҰСТАЗЫ АТАНДЫ

Солардың қатарында Сарқан ауданының №1 мектеп гимназиясының химия-биология пәнінің мұғалімі Станкевич Татьяна да бар. Үздік ұстазды аудан басшысы Талғат Қанатұлы қабылдап, наградасын табыстады.

Татьяна Михайловна білім саласында 32 жылдан аса уақыт жұмыс істеп, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі еленген ұлағатты ұстаздардың бірі. Жыл сайын оқушылары аудан, облыстық жарыстардан басқа, шет мемлекеттерде өтетін додаға қатысып, аудан атағын шар тарапқа танытып жүр.

Айта кетейік, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік наградасы мұғалімдерге үздік жетістіктері мен мемлекет алдындағы ерекше еңбегі үшін беріледі. Жоғары атаққа ие болған педагог 1 000 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алады.

САРҚАН АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

БІЛІМ

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІ ҚОЛДАЙМЫН

Елімізде латын әліпбиіне көшудің барлық алғышарты мен дайындық жұмыстары жасалып бітті. Латын әліпбиінің халықтың болашағы үшін пайдалы екені кең көлемде насихатталып келді. Ресми талқылаулар мен бейресми отырыстарда халықтың басым көпшілігінің латын әліпбиіне жаппай көшуді қалайтыны анық байқалды.

Латын әліпбиіне көшу ұлтымыздың санасын қайта жаңғыртады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға жол ашады. Қазақтың жазу тарихы көнеден басталды. Біз латын әліпбиіне көшкен тұста қазақ тілінің тазалығын бірінші орында ұстауға тиіспіз. Бәрімізге белгілі қазақ тілінің дыбысына тән 8 әріп бар. Осы 8 әріп біздің ұлттық кодымыздың кепілі болып саналады. Сондықтан, латын әліпбиіне көшкен тұста қазақша әріптерімізді бұзбай сақтап қалуымыз керек. Қазақ тілі жазуының латын әліпбиіне көшуі, біріншіден, заман талабы, екіншіден, латын әліпбиі жаһандану үдерісінде өркениетке жол ашады.

Латын әліпбиін қабылдау бізге ұлттық құндылықтарды, рухани байлығымызды, рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді сақтап ары қарай дамытуға себепші болады. Біз өз тарапымыздан латын әліпбиінің артықшылықтарын халыққа кеңінен таныстыра отырып, бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мұрат негізінде қоғамды ұйымдастырып, әлеуметтік бірлікті нығайту кез келген көп ұлттық мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарының бірі болып табылады. Сондықтан, Қазақстан халқының ұлттық кодының негізі саналатын рухани жаңғырудың негізі латын әліпбиіне көшу – еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан табылуының кепілі болып табылады.

А. НЕСІПБАЕВА,
Ж.Бәрібаев атындағы орта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі.
КӨЛАЩЫ АУЫЛЫ,
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

ҚОҒАМ ҮНІ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ ІС

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВ «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БҰЛ ҒАЛАМДЫҚ МӘСЕЛЕ, ОДАН ӘЛЕМНІҢ БІРДЕ-БІР МЕМЛЕКЕТІ, БІРДЕ-БІР САЯСИ ЖҮЙЕ, БІРДЕ-БІР САЯСИ ТӘРТІП ҚОРҒАЛҒАН ЕМЕС. СОНДЫҚТАН, БҰЛ ІНДЕТКЕ БІРЛЕСЕ ҚАРСЫ ТҰРУЫМЫЗ КЕРЕК» ДЕП АТАП ӨТТІ.

Жас ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасезімін қалыптастыру және тәрбиелеу – қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі саясаттың бір бөлігі болып табылады. Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжінде студенттерге жемқорлыққа қарсы білім беру және тәрбиелеудің ұтымды үйлесіміне негізделген жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда «Саналы ұрпақ» студенттік клубы құрылған. «Саналы ұрпақ» клубы студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тұрақты дағдыларын қалыптастыру және құқықтық мәдениет деңгейін көтеру міндеттерін шешу үшін жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асырады. Бүгінгі күні осы клубта әр түрлі бағытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- шаралар дәстүрлі түрде өткізіледі. Атап айтсақ, «Жемқорлық – індет, жою –міндет» атты үнпарақтар конкурсы, «Жемқорлықпен күрес – қоғам борышы» тақырыбында құқық қорғау органы қызметкерлерімен тақырыптық жиын, қызметкерлер арасында «Сыбайлас жемқорлық – қоғамға қауіп төндіретін құқықтық-әлеуметтік құбылыс» атты семинар, «Адалдық сағаты», «Адал ұрпақ» атты студенттер арасында сауалнама, «Адал бол!», «Парасатты бол!», «Таза сессия» акциясы, пікір-сайыстар, дөңгелек үстелдер тағы басқа да іс-шаралар өткізіледі. Студенттердің шағымы мен ұсыныстарын қабылдау үшін колледж сайтында «Директор блогы», «Жедел желі» сенім телефоны, «Сенім жәшігі» жұмыс істейді.

Сонымен қатар, колледжде сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Заңына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау» жүргізіледі.

Колледжде «Саналы ұрпақ» студенттік клубының жүргізілген іс-шаралары колледждің веб-сайтының контентінде және инстаграмм әлеуметтік желісіне жарияланады. Жалпы, қоғамдағы қандай да болсын келеңсіздіктің алдын алуды әрбір азамат өзінен бастаған жөн деп есептеймін. Бұл ретте, мен өзін отанымыздың патриотымын деп есептейтін әрбір замандасыма айтарым, еліміздің биік белестерді бағындыруы, мемлекетіміздің 30 дамыған елдердің қатарына кіруі сынды асыл мұраттарға қол жеткізуіміз біздің отан алдындағы еңбегімізді адал атқаруымызбен тікелей байланысты.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жеке адамдардың немесе жекелеген топтың ғана емес мемлекеттік органдардың, мемлекеттік қызметкерлердің, тұтастай қоғамның басты міндеті мен борышы. Осыны шынайы орындау үшін әрбір лауазым иесі өзінің жан-дүниесін ұдайы таза, адал ұстауы тиіс. Сонда ғана олар қарапайым халықтың сенімін ақтап, қоғамның тежеусіз дамуына үлес қосқан болар еді.

Қ. СЛАНБЕКОВА,
«Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжі» МКҚК,
тарих және география пәнінің оқытушысы.
БАЛҚАШ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДОПРОИЗВОДСТВО

ОСОБЕННОСТИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРОЦЕДУР

АЛМАТИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ СУД ПРОДОЛЖАЕТ ПУБЛИКАЦИИ ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ НОВОГО АДМИНИСТРАТИВНОГО ПРОЦЕДУРНО - ПРОЦЕССУАЛЬНОГО КОДЕКСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (ДАЛЕЕ - АППК), КОТОРЫЙ ВВОДИТСЯ В ДЕЙСТВИЕ С 1 ИЮЛЯ 2021 ГОДА.

Понятие,признаки, виды форм реализации исполнительной власти.

АППК выделяет:

- внутренние административные процедуры - раздел 2 АППК
- административную процедуру – раздел 3 (ее можно условно именовать внешней).

Форма реализации исполнительной власти – это виды действий органов исполнительной власти, имеющие внешние проявления. Исполнительная власть не реализуется сама по себе, это активные действия, проявляющиеся в различных общественных отношениях.

Признаки: 1) это деятельность административных органов;

2) деятельность имеет внешний характер, то есть, направлена на возникновение, изменение или утрату прав и обязанностей физических и юридических лиц.

Реализация исполнительной власти происходит через административные органы. Подпункт 7) статьи 4 АППК административные органы – это:

1) Государственный орган,
2) Орган местного самоуправления,
3) государственное юридическое лицо,
4) организация, которая в соответствии с законами РК наделена полномочиями по принятию административного акта, совершению административного действия.

Формы реализации исполнительной власти – издание административного акта, административная процедура. Подпункт 8) статьи 4 АППК административная процедура – деятельность административного органа, должностного лица по рассмотрению административного дела, принятию и исполнению по нему решения, совершаемая на основании обращения или по собственной инициативе, а также деятельность, осуществляемая в порядке упрощенной административной процедуры.

Административный процесс- это процессуальная деятельность уполномоченных органов (суда, органов исполнительной власти и должностных лиц) по применению материальных норм административного и иных отраслей публичного права. В ходе осуществления этой процессуальной деятельности могут разрешаться административные и публично-правовые споры (конфликты) между гражданами (организациями) и государством (публичными образованиями; обеспечивается защита нарушенных прав и свобод граждан, прав и законных интересов организаций; реализуются юрисдикционные полномочия органов управления и их должностных лиц; осуществляются иные государственные функции (разрешительные, контрольно-надзорные и другие). В целом предмет адм.процесса можно определить в виде общественных отношений, возникающих, изменяющихся и прекращающихся в входе практической реализации норма материального, публичного права.

Адм.судопроизводство играет роль важной процессуальной формы реализации административного процесса. Ключевая роль в этом случае отводится органам правосудия (Суду), которые наделяются соответствующими полномочиями по рассмотрению и разрешению административных дел.

Административное судопроизводство - носит публично-правовой характер, основной функцией адм. судопроизводства является рассмотрение и разрешение административных дел. Административное судопроизводство, также и как любое другое судопроизводство имеет единую конституционную цель защиты прав и свобод человека и гражданина, прав и законных интересов организаций.

Взаимосвязь между административной процедурой и административным судопроизводством является защита прав и законных интересов граждан и организаций в публично-правовых отношениях.

Основаниями для возбуждения административной процедуры являются:

1) обращение;
2) инициатива административного органа, должностного лица.

Основанием для возбуждения административной процедуры согласно подпункту 2) части первой настоящей статьи является требование законодательства Республики Казахстан об административных процедурах или административное усмотрение.

Стадии административных процедур

Возбуждение – основаниями являются обращение; инициатива административного органа, должностного лица.

Прием, регистрация, возврат и отзыв обращения

1. Обращение, поданное в порядке, установленном настоящим Кодексом, подлежит обязательному приему, регистрации, учету и рассмотрению.

Отказ в приеме обращения запрещается.

Перенаправление обращения уполномоченному административному органу, должностному лицу

1. Обращение, поступившее административному органу, должностному лицу, в полномочие которых не входит рассмотрение данного обращения, в срок не позднее трех рабочих дней со дня его поступления перенаправляется уполномоченному административному органу, должностному лицу с одновременным уведомлением (извещением) участника административной процедуры.

Уведомление (извещение) в административной процедуре

1. Участник административной процедуры извещается о времени и месте проведения заслушивания или иных мероприятий, необходимых для осуществления административной процедуры.

Рассмотрение административного дела: *единичное или коллегиальное*, включает в себя *исследование фактических обстоятельств* административного дела, *заслушивание* (административный орган, должностное лицо обязаны предоставить возможность участнику административной процедуры выразить свою позицию к предварительному решению по административному делу, о котором участник административной процедуры уведомляется заранее, но не позднее чем за три рабочих дня до принятия административного акта), *Ознакомление участника административной процедуры с материалами административного дела*

Административный орган, должностное лицо обязаны принять меры для всестороннего, полного и объективного исследования фактических обстоятельств, имеющих значение для правильного рассмотрения административного дела.

Административный орган, должностное лицо вправе собирать доказательства по собственной инициативе в целях установления фактических обстоятельств административного дела.

Административный орган, должностное лицо не вправе отказать в исследовании заявлений и документов, представленных участниками административной процедуры, рассмотрение которых входит в их компетенцию.

Срок административной процедуры, возбужденной на основании обращения, составляет пятнадцать рабочих дней со дня поступления обращения, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан.

Срок административной процедуры, возбужденной на основании обращения, исчисляется с момента ее возбуждения.

Рассмотрев административное дело, административный орган, должностное лицо выносят одно из следующих решений о:

1) принятии административного акта;
2) прекращении административной процедуры.

По окончании рассмотрения административного дела выносится решение в письменной форме, которое направляется участнику административной процедуры.

ВИДЫ административных актов по регулирующему содержанию:

1.Административный акт, устанавливающий обязательство, в отношении отдельного лица содержит требование об исполнении обязательства.

2.Формирующий право административный акт предоставляет адресату такое правовое положение, какого у него до издания административного акта не было.

3.Разрешающий административный акт направлен разрешение спорного правоотношения

Виды административных актов по правовым последствиям для адресата:

Благоприятный административный акт – акт, реализующий право участника административной процедуры или прекращающий возложенную на него обязанность, а также иным образом улучшающий его положение (подпункт 21) статьи 4 АППК).

Обременяющий административный акт – акт, отказывающий в реализации, ограничивающий, прекращающий право участника административной процедуры или возлагающий на него обязанность, а также иным образом ухудшающий его положение (подпункт 3) статьи 4 АППК).

Обжалование административного акта: порядок подачи жалобы, рассмотрение и решение по жалобе

Участник административной процедуры вправе обжаловать административный акт, административное действие (бездействие), не связанное с принятием административного акта, в административном (досудебном) порядке.

В случаях, предусмотренных настоящим Кодексом, участник административной процедуры вправе обжаловать административное действие (бездействие), связанное с принятием административного акта.

Жалоба подается в административный орган, должностному лицу, чьи административный акт, административное действие (бездействие) обжалуются.

Административный орган, должностное лицо, чьи административный акт, административное действие (бездействие) обжалуются, не позднее трех рабочих дней со дня поступления жалобы направляют ее и административное дело в орган, рассматривающий жалобу.

Жалоба на административный акт, административное действие (бездействие) подается в административный орган, должностному лицу не позднее трех месяцев со дня, когда участнику административной процедуры стало известно о принятии административного акта или совершении административного действия (бездействия).

Пропущенный для обжалования срок не является основанием для отказа в принятии жалобы органом, рассматривающим жалобу. Причины пропуска срока выясняются при рассмотрении жалобы и могут являться одним из оснований для отказа в удовлетворении жалобы.

Жалоба рассматривается должностным лицом единолично, а в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, либо по решению административного органа – коллегиальным составом.

Срок рассмотрения жалобы составляет двадцать рабочих дней со дня поступления жалобы.

Рассмотрев жалобу, орган, рассматривающий жалобу, выносит одно из следующих решений:

1) об отмене административного акта;
2) об отмене административного акта и принятии нового административного акта;
3) о совершении административного действия;
4) об оставлении жалобы без удовлетворения;
5) о направлении административного дела в административный орган, должностному лицу, чьи административный акт, административное действие (бездействие) обжалуются, для осуществления административной процедуры с указанием допущенных нарушений и предложениями по их устранению;
6) об оставлении жалобы без рассмотрения.

Исполнение решения

- Административный акт обязателен для всех государственных органов, органов местного самоуправления, юридических лиц, должностных лиц, граждан и подлежит исполнению. Административный акт обращается к исполнению административным органом, должностным лицом, которые его приняли, если иное не установлено законами Республики Казахстан. Административный акт подлежит исполнению в течение пяти рабочих дней, если иное не установлено законами Республики Казахстан или административным актом.

К. ДОСЫМБЕТ,
председатель судебной коллегии по гражданским делам Алматинского областного суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

КОРОНАВИРУСТЫҢ ҚАРҚЫНЫ ӘЛІ ДЕ ҚАТТЫ. БЫЛТЫРҒЫ МАУСЫМ ЖӘНЕ ШІЛДЕ АЙЛАРЫНДА ТӘЖТАЖЫЛДЫҢ ҚҰРЫҒЫНА ІЛІККЕНДЕРДІҢ ТАЛАЙЫ О ДҮНИЕЛІК БОЛЫП КЕТКЕНІН ДЕ ЖАСЫРА АЛМАЙСЫҢ. СОЛ СЦЕНАРИЙ ҚАЙТАЛАНБАС ҮШІН БҮГІНДЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕУ БАРЫСЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ТҰРҒЫНДАРҒА ВАКЦИНА САЛУДЫ УАҚЫТЫЛЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ҚАТАҢ ТҮРДЕ БАҚЫЛАУДЫ ҰСЫНДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ КЕЛСІМІМЕН ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА ДЕЙІН ЕЛІМІЗДЕ 10 МЛН-ҒА ЖУЫҚ АДАМДЫ ЕГУ ЖОСПАРЛАНҒАН.

ЕКПЕ ЕГУ ЕКПІНДІ ЖҮРУДЕ

Ел арасында қазіргі таңда айтылар әңгіме вакцина жайында. Бірі қолдаса, бірі қорқынышпен қарайды. Дегенмен, Алматы облысы бойынша, 32 мыңнан астам тұрғын екпе қабылдады. Вакцинация жүргізуге арналған 125 егу пункті жұмыс істеуде. Сонымен қатар, 25 жылжымалы егу пункті ұйымдастырылып, барлық пунктке тоңазытқыш қондырғысы орнатылды.

Инфекцияны жұқтыру және тарату қаупі жоғары халықтың осал топтарына кезеңкезеңмен ресейлік «Спутник V» вакцинасы салынуда. Ол екі кезеңнен тұрады. Басында 0,5 миллилитрлік дозамен бірінші компонентті салады. Одан кейін 21 күн өткен соң, екіншісін егеді. Оның көлемі де 0,5 миллилитр.

Раушан КАДЫРМАНОВА, Ескелді ауданының тұрғыны: *«Бойдағы үрей мен қорқынышты жиып, болашағым үшін екпе салдырттым. Ешқандай теріс өзгеріс байқаған жоқпын. Жағдайым қалыпты. Сондықтан, елімді екпе егуге шақырамын. Айтарым, түрлі қауесетке сеніп жүре бермей екпе егуге асықсақ, ауру саны азайып, тәжтажалдың құрсауынан шығар едік».*

Асылым НҰРЖАНОВА, Талдықорған қаласының тұрғыны: «*Екінші екпені алуға келіп отырмын. Бірінші рет екпе салдырған сәтте, қызуым көтерілді. Бірақ, қобалжып сабырсыздық танытқан сайын қызу одан сайын көтеріледі екен. Содан мән бермеуге тырыстым. Қазір бәрі қалыпқа келіп, медицина қызметкерлерінің хабарласуыммен екінші екпемді алуға келіп отырмын. Кішкентай кезде адам баласына бәрі қызық қой. Жүрегі ауырып тұрған көзі көрмейтін апама жүрек дәрісінің орнына асқазан дәрісін бергенмін. Біраз уақыттан кейін жазылған түрін көрдім. Негізі, адамның сеніміне байланысты ғой».*

Вакцина індеттен қоғамды құтқарып, болашақты көрсететін жолдардың бірі болғандықтан ақылмен әрекет ету керек. Жалғыз дәрігердің күші бүкіл халыққа жетпейді. Сондықтан, виурс жұқтырмаудың басты жолы екпе екенін ескерсек. Алматы облысы қызыл аймақта тұрғанын қарапайым халық білсе де сақтық шараларын қолданар емес. Бірі бетперде тақса, бірі бетпердесіз қаланы шарлап жүр. Олардың бойынан үрейдің ұшы да көрінбейді. Біздің қызыл аймаққа кіруіміздің басты себебі – осы шығар. Бетпердесіз жүрген жандарға айыппұл салып, тәртіпті қалыпқа келтіру шараларын да қатаң қолға алу керек секілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Вакциналау 132 елде жүріп жатыр және бүгінгі күнге дейін 400 миллионнан астам адам екпені салдырған. Соңғы көрсеткіш бір тәулікте 9,64 млн дозаны құрады, деп хабарлады Bloomberg. Сонымен, пандемия басталғаннан бері АҚШ-та 113 миллион екпе жасалды. Қазір бұл елде коронавирус жұқтырғандардан гөрі вакциналанған азаматтар саны көп. Вакцинаны көп салдырған елдер:

Қытай (64,9 млн-нан астам),
ЕО елдері (52,5 млн-нан астам),
Үндістан (36,4 млн-нан астам),
Ұлыбритания (27 млн),
Бразилия (14,4 млн),
Түркия (12,3 млн).

Ардагүл ӘСКЕРБЕК

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Алматы облысының әкімдігінде өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Отырысқа облыс әкімі, облыстық прокуратураның, полиция департаментінің, облыстық соттың, мемлекеттік кірістер департаментінің басшылығы, Алматы облысы бойынша арнайы мониторингтік топтың мүшелері, жобалық кеңселерінің басшылары, сонымен қатар, ZOOM арқылы облыстың аудандары мен қалаларының әкімдері, сондай-ақ облыс әкімдігі басқармаларының басшылары қатыстырылды.

Отырыстың негізгі спикері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажанов қатысушыларға өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Департаментпен қабылданып жатқан шаралар туралы айтып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық нормаларға енгізілген өзгерістерді түсіндіруге басты назар аударды.

«Департамент қызметінің негізгі бағыты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жедел-тергеу қызметі болып табылады. Бүгінгі күні жасалған қылмыстық сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың «басым бөлігін» алдын алу шараларын уақытылы қабылдау арқылы болдырмауға болады. Осы бағыттағы негізгі жаңашыл элемент халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау болып табылады» – деген А. Мақажанов ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы жедел-тергеу қызметінің нәтижелері туралы да тілге тиек етті. Оның сөзінше, алдын алу шараларына баса назар аударудың арқасында ағымдағы жылдың 1-тоқсанында облыс бойынша тіркелген қылмыстар саны азайды. 42,6% (2020 – 54, 2021 – 31), сыбайлас жемқорлық қылмыстар – 36,4% немесе 21 қылмыс (2020 – 33, 2021 - 21), оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстар 90,5% немесе 19 қылмысты құрайды. Аяқталған қылмыстық істер бойынша жалпы залал 1 млрд. 614 млн. теңгені құраса, оның 1 млрд. өтелген. 594 млн. теңге немесе 98,7% (2020 ж. – белгіленген залал 1,1 млрд. теңгені құрады, өтелген залал-853 млн. теңге немесе 76,5%).

Сонымен қатар Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту бөлігінде ҚР Әкімшілік Кодексіне енгізілген заңнамалық өзгерістер туралы да егжей-тегжейлі түсіндірді.

Ведомствоаралық комиссияның отырысы аясында Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» орындау сапасына Арнайы мониторингтік тобымен жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері де қаралды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы отырыс қорытындысы бойынша Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығы облыс әкімдігіне ұйымдастырушылық-басқарушылық және нормативтік сипаттағы бірқатар ұсынымдар енгізді, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын» сапасыз және формальды түрде орындаған бірқатар мемлекеттік органдар мен аудандық, қалалық әкімдіктерді атап өтті.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АЛАҢ

ЖЫР БОЛҒАН ЖАЙЫЛЫМ ЖАЙЫ

Көксу ауданына қарасты Жамбыл ауылының тұрғындары әкімдікке наразылығын білдірді. Басты себеп, жайылым көлемінің жетіспеушілігі болып отыр.

Тұрғындар сөзінше, Талапты ауылындағы елмен өзара келісіп, малдарын сол жаққа жүк көлігімен апарып жаяды. Көлікке тиер алдында бір ірі қараның басына 2000 теңгеден төлеп, жайылымға жібереді. Қалтаны қақса да көніп келеді. Себебі, күннің жылуына байланысты, күні бойы қорада тұрған малдың жағдайы қандай болатыны түсінікті. Оған қоса оған берер шөбі бар. Оның бәрі шығын болғандықтан, 2000 теңге олар үшін оңтайлы.

Жалпы, Жамбыл ауылы бойынша, 850 ірі қара, 200 жылқы, 2500 қой бар. Жайылым көлемі 1,5 гектар.

Бұл мәселеге орай әкімдік жақын маңда шешім шығарылатынын айтып уәде етті.

А.ҚҰСЫМАНҚЫЗЫ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ

«НҰР ОТАНДЫҚТАР»,

халық пен қандастардың пікірімен санаса білейік

Бүгінгі қазақ қоғамында халық пен қандастар арасында неге наразылық азаймайды? Басты мәселе қандай да бір деңгейдегі билік басында отырғандардың басым көпшілігі бас партиямыз «Нұр Отандықтар». Соның бір мүшесі өзіммін. Бірақ, өз басым ақпараттық даму үрдісі бәсекеге түскен, озық үлгідегі ғылыми жетістіктер оза шапқан, технология тербелісі «гендірлік» саясат, инвестиция тартуды тізгіндеп жүйелі деп тұрған заманда санасы қайта жаңғыра жаңармаған жандар наразылық келеңсіздіктерді ушықтырмаса уытын тыйып уайымсыз қоғам құруға белсене кіріспейтінін сезінемін.

Олардың дәрменсіздік таныта беретіні де жаңа заман ақиқаты екенін жан тәніммен түсінемін. Сондықтан да өз пікір-ұсынысымды ашық айтып жазамын. Бұл жайды қоғам болып түсінер уақыт жетті. Өкінішке орай, халықтың ұсыныс, пікірімен келеңсіздіктерді жою жолындағы ұсынымдарымен санаспай, жазбаша-ауызша түрде көтерген мәселелерге қандай да бір әдіс амалмен жауап беру жолын қарайтын басшылар мен қосшылары қазақ қоғамында аз емес... Бұл мәселе жоғарыдағы кейбір атқарушы билік өкілдерімен Алматы облыс әкімі деңгейінде ушығып тұр. Қанағатты жауап ала алмаған халық тоқтасын ба ары қарай бірлесе, топтаса қарекет жасап ізденуде. Бұл жерде әркімнің қабілеті мен ілімі ерекше рөлде ойнап кететіні де баршылық. Оларды оңтайлы пайдаланып қалғысы келетін жандар аз емес. Алматы облысында тұратын Қытай елінен келген қандас ағайындар соңғы жылдары бейне арыз-өтініштерін шетел асырып БҰҰ-на, Евро одаққа жолдап жатыр. Бұған негізгі себеп бір шенеунік, қоғамдық ұйым өкілінің пікіріне құлақ аспай біздің айтқанымызбен жүресіндер, орталарыңда біздің бір өкіліміз болуы керек деп айтқан ақылы қоғамдық ұйым өкілдерінің шамбайына тисе керек. Міне, қоғамдық ұйым, халықпен санаспаудың кесірі... Өткен өмірден ғибадат алсақ мына заманда айтқаныңа көніп айдағанына жүре беретін, бос «ұранға» ере кететін адам аз. Халықтың санасы оянған. Ұлтымыз енді тек ұлылық қасиет, қазақи құндылық, ұлағаттылық пен ұлы көшбасшылықты талап етіп қалайды! Өзінің әлеуметтік жағдайы мен күн көрісі артуына ең бастысы адам деген ардақты атына, адамдық затына сай абыройлы болу құқық мәртебесі кіммен де тең екенін қарапайым халық түсінгені қазақтың қанына сіңген тектілігі. Ал үлкенді-кішілі билікке қолы жеткендері сөзбен айтқанда алдына жан салмаса да іске келгенде жеке басының қамы үшін немесе жағымпаздық жыры, болмаса орынтағымнан айырылып қалмайын деген үрей қорқыныштың кесірінен халық пен қандастарынан өздерін алшақ ұстайтыны...

Қазақстан Республикасында тұрып жатқан қандастар мен көші-қон үрдісіне қатысты кейбір шешімін күткен мәселелердің шешілу жолдарына ұсыныс ойымызды айтқан хатымызды «Nur Otan » партиясының орталық апараты саралай келе Алматы облысы әкіміне жолдапты. Мұндай мәселе көтерген хатты қоластындағы қызметкерлері әкімге көрсетпейтіні мәлім. Олай дейтініміз, Баталов Амандық Ғаббасұлы әкім болғалы қандас ағайындар мәселесі облыс деңгейінде қаралған емес. Ол аз десеңіз облыс әкімінің де аудан қала әкімдерінің де жылдық есеп беру жиынында да қаралмайды. Яғни, республика көлемінде қандастар ең көп шоғырланған 220 мыңға жуық ағайындар тұратын Алматы облысында халықтың көші-қон үрдісі ағыммен ғана жүріп жатыр деуге саяды.

Ресейдің екі ғасырға жуық бодандығынан кейін мыңдаған жыл тарихы бар қазақ еліне қайта оралған тәуелсіздікпен қазақтың ұлы көші кіндіктес. 1991 жылы наурыз айында Моңғолия елінен атамекен тарихи Отанына Алматы облысы, Кербұлақ ауданына қоныстанған қандас ағайындар ұлы көштің бастауы болғаны да тарихи оқиға. Моңғолия қазақтары ХХ ғасыр соңында Д.Қонаев атамыздың атына Қазақстанға көшіріп алуын өтінген хат жазып шешімі Москвада қабылданып, тарихи дерек болып қалғаны ол жеке әңгіме. Мінеки, сол ыстық сағыныш сезімінде жүрген қазақ ел аралық шекара ашыла қалған тұста лап етіп, өз елі атажұртына орала бастаған еді. 2010 жыл соңынан көшті белгілі-белгісіз себеп салдары тоқырауға ұшыратты. Белгілісі көші-қон үрдісімен айналысып, ведомства арасында үйлестіре жұмыс жасайтын облыстағы көші-қон департаменттері таратылды. Белгісізі, күні бүгінге дейін белгісіз болып келетін жандар. Яғни, қазақтың саны еселеп өсуі өзге ұлт өкілдеріне солардың қатарындағы шала қазақтарға ұнамады. Шет елден келген қазақтар кеңес одағынан жалғасып келетін қағида тәртіпке мойын ұсынбай, мен қазақпын тәуелсіз еліме келдім өз еркіндігіммен жүремін, қазақ жерінде неден қалыс қалуым керек деп ықылым заманнан сана сезім, салт дәстүріне сіңген ұлт құндылықтарын ұлағаттап ашық айтып рухани жаңғыруға талпыныс жасағаны тіптен көзге шыққан сүйелдей көрініп кейбір жандарға мүлде ұнамады... Оған да көп мән бермей, сабыр сақтап кеңпейілділік танытқан ағайындардың көбі ұрпағының келешегін ойлап атақ абырой, мәнсапқа ұмытылып, үкіметке қол созып, көмек те сұрамай бел шеше іске кірісіп кәсібін жасап тірлігін қамдап кетті. Келе мал бағып, біреуге жалданып жұмыс істеген қаншама ағайын бүгінгі күні малын біреуге бақтырып, елді жұмыспен қамтамасыз еті, балаларын ана тілімен бірге шет тілдерінде білім алдырып, үкімет деңгейіндегі мемлекеттік қызмет атқаруларына ықпал ете алды. Айтайын дегеніміз бұл емес еді. Осылай өздерімен қоса өзгеге қолұшын созып, жергілікті халық қандас қазағымен құда-жегжат туыс болып нағыз қазақ ұрпағын өсіруге үлкен үлес қосып жатқан қандастарға қолдау көрсету, қамқорлық таныту деген мүлдем жүйесіз қалғаны. Осы көші-қон саласымен отыз жылдай етене араласқан, қай жылдары қандай саясат, бағыт-бағдар, тұжырым болғанын заңға әр жылдары қандай өзгерістер еніп олар қалай жүзеге асқанын немесе аспай қалуына нендей себептер болғанын жеттік білетін кадр маман ретінде білетін біз айтпасақ, кім айтар дерсіз.

Күйіндіретін тұстары: болып жатқан келеңсіз жайттарды пікір ретінде жазып қайталап болдырмау жолына ұсыныс айтып хат жолдасаңыз тыңдар құлақ болмай тұрғаны. Былықты бастайтын сауатсыз да санасыз даукес,надан қандас (оралман) деп меңменсіп өзін өз ұлтынан жоғары санайтын отырған тағын тәубасындай көретін жандар іріткінің ірісі боп тұрғаны да өмір шындығы...

Айталық ұлы көшті алғаш 1991 жылдары бастап келген ағайын Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанына жиырма жылдан асты. Енді зейнеткерлік жасқа толды. Бірақ ҚР-ның азаматы ретінде жергілікті халық пен тең дәрежеде құқылы емес. Бұған кедергі келтіріп, оларды қылмыстық іске итермелеп отырған Еңбек министрлігінің өзі. ҚР-ның азаматы шетелде оқып келсе оқыған жылдары еңбек өтіліне енеді. Ал шетелден келіп зейнеткерлікке шығатын ҚР-ның азаматы болып кеткен адамның шетелдегі еңбек өтілі есепке алынады да оның шетелде оқыған, әскерде болған жылы есепке алынбайды. (айтпақшы кейбір облыстарда алынады). Яғни бір адамның құжатын екі бөліп қарау қаншалықты заңды. Еңбек министрлігінің Көші-қон комитетінің төрағасы Алматы облысының сұраныс хатына шетелден келгендерге олардың шетелде оқыған жылы есепке алынсын деген бап заңда жоқ деп берген түсініктемесі себеп болған. Заңды бекіттірген кезде өздері қайда қараған. Енді елді алдап Моңғолия елімен келіс сөз жасалып жатыр деп жазады. Моңғолия елінің азаматтығынан шығып Отанына көшіп кеткен қазақтың зейнетке шығуына Моңғолия елінің не қатысы бар. Олар асырай алмасаң қайтар сонда ғана өзіміз қараймыз демесіне кім кепіл. Өте ұятты іс...

Қылмыс жасауға итермелеп отыр дейтініміз шетелде оқып білім алған жылы есепке алынбаған жандар енді келген еліне барып оқыған жылын еңбек істеген жылға ауыстыртып келулері. Бұл, соңында білімі жоқ сауатсыздар келіп жатыр дегенге жеткізеді. Екінші жағы айтпаса да түсінікті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің билік басында отырғандар партия мүшелері, «Nur Otan» партиясы төрағасы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы тұңғыш Президентіміз, Елбасы Н.Назарбаевтың қандастар арасындағы «Нұр-Аға» атанып өздерінің өкіл әкелеріндей сезінетін сенім беделіне нұсқан келтіретіндерін білмегені ме?

Жоқ әлі де олар депутаттарды көндіріп, наразылық жазатын жандарға шектеу қоятын заң бекіттіріп, өздерін ақтап алғысы келе ме?! Заңда қайшылығы жоқ мәселені жауапкершіліктен қашып наразылыққа айналдыра беретін кадрлардан партия қатарын қалай тазалауға болады? Жоқ, әлі де бір неше кадр, қызметкерлердің кесірінен мемлекетіміздің мерейлі мүддесі әлемге жайсыз хабар танытып жатса да, жайбарақат отыра беруіміз қажет пе? Салалық қызмет сапасын санамыздан шығара салу қазақ қоғамына, келер ұрпақ алдындағы парыз қасиетімізге қандай әсер қалдырмақ?! Сол үшін үнсіз қалу дегеніміз – ұрпақ үмітін өшіру деп білеміз.

Жоғарыдағы «Nur Otan» орталық апаратына жолдаған хатымызға Алматы облыс әкімінің бірінші орынбасары Л.Тұрлашов мырза жауап беріпті. Қандас ағайын арасына алтын көпір болып өзіміз насихаттап айтатын біраз мәселені өзімізге баяндапты. Оғанда ризашылық айталық.

Еңбек министрлігіне 10 наурызда хат жолданғанын, бұл сұраққа тиісті жауап алынғаннан кейін, қосымша жауап беретінін айтыпты. Бұған рахмет дейік.

«...Облыс басшылығының қолдауымен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында ішкі саясат басқармасы тарапынан тарихи отанына қоныс аударған этникалық қазақтардың туындайтын мәселелерін шешу үшін, облыстық «Қандастар» орталығының қызметін ұйымдастыруға 30 миллион теңгені құрайтын екі жылдық конкурстық жоба қарастырылған» депті. Сонда, облыс әкімдігі шоғырланған қандастар мәселесі және олармен тығыз байланыс жасап, Қазақстанның әрбір қадамына талдау жасап, қай елді мекенге келуге, өз Отанына келіп үлесін қосуға үмітті қандастар тағдырын, олардың құжаттарының заңды жинақталуына қолдау көрсетіп қамқорлық танытатын мекемені «конкурстық жобаны» ұтып алған бір кәсіпкердің қолына табыстай салмақ болғаны ма?! Онсызда облыс әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырып отырған штаттық кестеге сай 4 қызметкері бар «оралмандарды» уақытша бейімдеу орталығы деген мемлекеттік мекеме бар. Сонда, олар не істеп, қайда қалады? Облыс әкімдігі 30 миллион теңгені конкурс жариялап ауаға шашқаннан гөрі облыстағы ағайындармен жұмыс жасап отырған мекеме ұйымдардың басын қосып, қандастар мен отандастарға нақты шынайы қолдау көрсетіп, қамқорлық жасайтын орталық ашқаны мемлекетеміз бен қандастар мүддесі үшін тиімді де ауқымды жұмыс болар еді. Бұл мекеме «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Отандастар Қоры»коммерциялық емес акционерлік қоғамы арасында меморандум жасап көші-қон үрдісіне қатысты мемлекеттік мекемелермен тығыз байланыста жұмыс аясын кеңейте қандастарға да халыққа да қызмет көрсете берсе нұр үстіне нұр болары анық.

Ал, жауапкершіліктен қашып, қара басының қамын ойлайтын жандар өзін де, өзімен қоса елге, мемлекеттің мерейлі мүддесіне орасан зор келеңсіздік туындата берері анық. Қазаққа-қазақтан басқа ешкім, ешбір мемлекет, ұлт құндылығы турасында ұлағатты жол көрсете алмасы бір Аллаға ғана аян! Әркім сөзден іске көшер заман дәуірі сізбен бізді кешірмесіне кемеңгерлікпен қарайық ағайын!

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ

Дүйсенбі - Понедельник, 19 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 02.35 Әнұран
06.05, 02.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.30,02.25 «Masele»
07.00«Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00«КӨҢІЛ ТОЛҚЫН»
13.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
14.00,01.35«Теледәрігер»
15.00 «Арта»
16.00 «Ауылдастар»
16.35 «Біздің полиция»
17.20 «Ораза қабыл болсын»
20.35,00.45 «Ashyq alan»
21.30 Т/х «Ахмет Ясауи»
22.30 «Махаббат мұнарасы»
23.30«Тәуіп Хо Жун»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00«Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 01.15 «Әсем әуен»
10.15, 21.30 Тұсаукесер «Қолда я жолда»
12.15 Т/х «ПӘЛЕНШЕВТЕР-3»
13.15, 23.30 Т/х «ЕГІЗ ЖҮРЕК»
15.00 «Бүгін»
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Сериал «ТОТ, КТО ЧИТАЕТ МЫСЛИ (МЕНТАЛИСТ)»
18.00 «Вне/себя»
20.00Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00Итоги дня
01.30 Індетпен күрескен Қазақстан

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30«Күлдірген»
07.00,03.05«Үздік әзілдер»
7.30 «Союзмультфильм»
08.00,14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.10 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30,23.10 Т/х «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
14.00 «Өмір дастан»
14.50 «Интерны»
15.30 ДЕРЕКТІ ДРАМА
16.20«Ханзада Жумонг»
18.00 Т/Х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10ASTANA TIMES
00.30 «Қош келдіңіз»
02.10 «Біреудің есебінен» деректі драма
02.45 «KazNet»
04.00 «АЛМАСАЙ»
04.45 «БІЗДІҢ АУЫЛ»
05.00 «Отбасы»
05.30 «БІРЕГЕЙ»

ЕВРАЗИЯ

06.00, «Ғашықтар»
06.40, 04.00«Той заказ»
07.10, 03.15 «ТОЙ БАЗАР»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово!»
12.00 «На самом деле»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112»
14.30«Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Идеалист»
00.20 «Северное сияние»
01.10 «отель Толедо»
02.05 «П@утина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Мәссаған.KZ»
08.00«ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
08.25«Жимаудың жетістігі», т/х
09.20 «Иная реальность» (повтор)
10.00 «Счастливая жизнь Ксении»
14.00 «Счастливая серая мышь»
16.00,01.30 «МОСТ»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Хороший парень»
23.40Т/с «Лесник. Своя земля»
02.15 Астарлы ақиқат
03.00 «Той Best»
04.00 «Жимаудың жетістігі»
04.40,05.10 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Спорт»
17.50 «Тәуелсіздік жылнамасы»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Әдебиет пен адамзат»
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
20.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 9-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 1001 анекдот
06.10 «Армагеддон»
07.10 «Неге?»
09.00 «Джунгли»
11.00 Т/х «Ананди»
12.30«Өмір өзен»
14.10 «Мәрайа»
16.30 «ТАКСИ»
17.00 «Кел, татуласайық»
20.00Информбюро
21.00 « Безрассудная любовь»
22.20 «Когда звонит незнакомец»
00.20 «Волк»
02.30«Кел, татуласайық!»
04.40РИАМЫН
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00,«Қуырдақ»
06.50,04.30 «Айна-online»
07.30, 02.30«Q-елі»
08.00, 03.30 «Ата-ана, балашаға»
09.00 Т/с «Беги не оглядывайся»
13.00, 22.00 «СЕРТ ПЕН СЕЗІМ»
15.00 «Зың-зың Кулпәш»
16.00, 01.45 «ПСИХОЛОГИНИ»
17.00 01.00 Т/с «Крепостная»
18.20, 00.00 «ДУРНАЯ КРОВЬ»
19.20 «Куба»
21.00 «Өсекшілер»
21.30 «Тойхана»
05.10 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 20 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Қазба қазына»
06.25,13.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 Т/х «Ахмет Ясауи»
13.15 «Қызық екен...»
14.00,01.40 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жүзден жүйрек»
16.00 «Ауылдастар»
16.00,02.30 «Қайсар жан»
17.20 «Ораза қабыл болсын»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Махаббат мұнарасы»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Ashyq alan».
00.50 Футбол.УЕФА Чемпиондар лигасы.1/4 финал.
02.55 «Ashyq alan».

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00,01.15 «Әсем әуен»
10.15,21.30 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-3»
13.15,23.30 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 «Пассажир»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Баспанаға бағыт. Прямая трансляция
21.00 Итоги дня
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
07.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ғашықтар»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,03.15 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 «Идеалист»
00.20 «Северное сияние»
01.10 «отель Толедо»
02.00 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.35Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.30 Т/х «Улы тамшылар»
09.50 Новости
10.30 «Было дело»
12.00,23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
14.00,21.40 «Хороший парень»
16,01.30 «Мост»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.15 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.00 «Той beststar»
04.10 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.50-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 «Тәуелсіздік тұлғалары»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 10-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 1001 анекдот (каз.)
06.30 «Армагеддон»
07.50 «Информбюро»
08.40 «Идеальный побег»
11.00,23.30 Т/х «Ананди»
12.30 Т/х «Өмір өзен»
14.10 Т/х «Гадалка»
15.20 Экстрасенсы-детективы
16.30 «Тахі»
17.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Безрассудная любовь»
22.20 Т/х « Врач»
01.00 Кел татуласайык

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,15.30,02.30 «Q-елі»
08.00,03.30 «Ата-ана.Балашаға»
09.10 Измайловский парк
11.00,19.00 Т/х «Куба»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Тойхана»
16.00,01.45 Т/х «Психологини»
17.20,01.00 Т/х «Крепостная»
18.20,00.00 Т/х «Дурная кровь»
21.00 Т/х «Өсекшілер»
05.10 Т/х « Жеңіп көр»

Открылось наследство после смерти Галашонковой Веры Михайловны, умершей 28 марта 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73.

Сәрсенбі - Среда, 21 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00 Әнұран
06.05 Д/ф«Қазба қазына»
06.25, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» .
10.00, 18.00 Т/х «Асау толқын»
12.00 Т/х «Ахмет Йасауи»
13.15 «Қызық екен...»
14.00 «Теледәрігер» . Тікелей эфир
15.00 «Жарқын жүдесу»
16.00 «Ауылдастар»
16.30, 02.30 «Бірегей»
17.20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!»
20.35 «Ashyq alan». Тікелей эфир
22.30 Т/х «Ахмет Йасауи»
23.20 Т/х «Тәуіп Хо Жун»
00.50 «Ashyq alan»
01.40 «Теледәрігер»

ХАБАР

06.00 ҚР Әнұраны
06.03 «Ду-думан»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 «Әсем әуен»
10.15 «Қолда я жолда»
12.15 Т/х « Пәленшеевтер-2»
13.15 Т/х «Егіз жүрек»
15.00 Бүгін. Прямая трансляция
16.00 «Асыл қазына»
17.00 Т/х «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18.00 Мегахит «НОЧЬ В ОСАДЕ»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Индустрия»
21.00 Итоги дня
01.00 «Індетпен күрескен Қазақстан»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00,03.05 «Үздік әзілдер»
03.30 «Союзмультфильм»
08.00, 14.15 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Тұмарым»
11.30, 21.00 Т/с «Қызым»
12.30, 23.10 Т/х «Айдаһарлар шайқасы»
14.00 Д/ф«Эпоха достижений»
14.50Т/с «Интерны»
15.30 Деректі фильм
16.30 Т/х «Ханзада Жумонг»
18.00 Т/х «Ұрланған тағдыр»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 Loto 6/49 Прямой эфир
00.20 ««Қош келдіңіз»»
02.00 «Біреудің есебінен» деректы драма
02.45 «KazNet»
03.50 Т/х «Алмасай»
04.35 «Біздің ауыл»
05.05 «Отбасы»
05.30 «Бірегей»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Ғашықтар»
06.40,03.15 «Той заказ»
07.10,04.00 « Той базар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Жить здорово»
12.00 «На самом деле»
13.00 «Пусть говорят»
14.15 «112».. Тікелей эфир
14.30 «Qoslike». Тікелей эфир
18.30, 02.45 «Басты жаңалықтар»
19.00 Сериал «Конец невинности»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.30 Сериал «ИДЕАЛИСТ»
00.20 «Северное сияние. Ведьмины куклы»
01.10 «ОТЕЛЬ ТОЛЕДО»
02.05 «П@утина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30Т/х « Жимаудың жетістігі»
08.20 Т/х «Улы тамшылар»
09.30 « Мерекелік концерт»
10.00 Новости
10.40 «Было дело»
11.40,23.40 Т/с «Лесник. Своя земля»
13.50 «Хорошая жена»
05.50,01.30 «Мост»
18.00 «Аманат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 ,02.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Хороший парень»
23.40 «АЗ ВОЗДАМ»
04.00 Т/х «Жимаудың жетістігі»
04.40-05.20 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.00 Әнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»/тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
17.00 «Шашу» /тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.35 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.20 «Тәуелсіздік жылнамасы»
19.30 «Бүгін»/тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Мәдени қазыналар»
20.15 «Тәуелсіздік жылнамасы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.15«Спорт»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қорғансыз» телехикаясы 11-серия
22.50 «Әсем әуен»
23.00 Новости
23.30 Жаңалықтар
00.00 Әнұран

31 КАНАЛ

Технический перерыв
16.58 ӘНҰРАН
17.00, 01.00 «Кел татуласайык»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Безрассудная любовь»
22.20 Т/х « Врач»
23.30 Т/х «Ананди»
03.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.30 Ризамын
05.00Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.30,04.30 «Айна online»
07.30,05.30,02.30 «Q-елі»
08.00,03.30 «Ата-ана.Балашаға»
09.10 «Измайловский парк»
11.00, 19.00 Сериал «КУБА»
13.00,22.00 Т/х «Серт пен Сезім»
15.00,21.30 Т/х «Тойхана»
16.00,01.45 Т/х «Психологини»
17.00,01.00 Т/х «Крепостная»
18.00,00.00 Т/х «ВДОВА»
21.00 Т/х «Өсекшілер»
05.10 Т/х « Жеңіп көр!»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЕНСАУЛЫҚ

НҰРЛЫ-АРАСАНҒА БАРЫҢЫЗ!

Кәсіпкер деген ұғым Тәуелсіздік алғалы санамызға сіңісіп«шіркін кәсіпорын ашсам, кәсібімді дөңгелетсем, дәулетті жаның бірі болсам» деген арман әр қазақтың ой-санасын толқытқаны хақ! Жекеменшік дәуірде, істің көзін тапқандар, қиыннан қиыстырып, кәсібінен нәсіп тауып, бақуатты өмір сүруде. Аса дәулетті, орта дәулетті, тақыр кедей деп үшке бөлінді.

Бүгінгі қоғамда ақиқатқа жүгінсек, байырғы қоныстанған қазақтардан тәуелсіздіктің алғашқы легінде және бертінде Монғолия, Қытай, Ираннан көшіп келген қандастарымыз сауда-саттыққа, жеке шаруаға икемді болып шықты. Әсіресе, мал шаруашылығына, оның өнімдерін өткізуде, әрі ұлттық бұйымдарды қолдан өндіріп сатуда, отырықшы қазақтардан оқбойы озық болғанын жасырып-жабудың өзі әбестік болар еді. Тіпті, солардың іскерлігі, қара жұмыста жанкештілігін көріп; «мыналар жерді игеріп, малды көбейтіп, сауданы жасап, алдымызды орап кетті ғой» деп қызыға да, қызғана да, айтып жүрміз! «Бәрекелді» деп қуанудың орнына, күндестігіміз, іштарлығымыз, қазақты-қазақ кемсітіп, содан ләззат алатын кертартпа кеселеміз тағы бар. Сонау 1955-1962 жылдары Қытайдан елге көшіп келген қазақтарды жергілікті билік, араларында сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдісіне қарамай, қаражұмысқа, көбін ата-кәсіп деп мал

бағуға мәжбүрлепті. Оларда іскерлігімен көзге түсіп, бірте-бірте советтік дәуірдің қыр-сырын меңгеріп, білімін алып, топты жарады ғой. Кешегі қанды майданда жауынгерлерді арақпен суарып, харам суды ішуді үйреткен Совет үкіметін де, тұратын он бес елдің бұратана халқы, сәл қуанышын арақсыз атап өтпейтін кездер болды. Тіпті қонағыңа мал сойып, жайылып жастық, құрақ ұшып-құрмет көрсетіп бір жарты арақ құймасаң, өкпелеп «сараң екен, жүз грамм құюға жарамады» деп сөгіп кететін. Сондай кезеңнің бірінде арғы беттен келген бір ағайын дүкеннен іш киім алыпты. Соны көрген жергілікті бір тұрғын «жумайсың ба?» деп көмейі бүлкілдеген ғой. Сонда күйіп кеткен қандасымыз: «Советте турси алсаң жу дейді екен, Жумасаң қытайдан келген қу дейді екен» деп өлеңге қосыпты. Өнерден де, шаруадан да, білімнен де, өріс тауып, қара жерге кеме жүргізген қандастар қатарында Қытай Халық Республикасы Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Ауданының, Іле Қазақ Автономиялы Облысына қарасты Құлжа қаласының Сулы Алматы қыстағында 1962 жылы дүниеге келген Райыс Арипжанұлы бар. Білімі жоғары, химия саласының хас маманы, миллиардтаған қытайдың ішінде жүріп, алған білімі бойынша аспан асты елінің ғалымдарын қайран қалдырған. Химия саласында оқыған, көкірегіне түйген білімін іс жүзінде жүзеге асырып, ғылыми салаға ден қояды. Еңбек жолын кіші қызметкер болудан бастап, мұнай ашу жөніндегі ғылыми жетістіктерге жетеді.1987 жылғы бүкілқытайлық мұнай ашу жөніндегі III симпозиумда I дәрежелі тапқырлық жүлдесін алады. Райыс ғалымның қатысуымен жүргізілген мұнай құдығынан үшінші мәрте мұнай алу жөніндегі табысы 1991 жылы Шыңжаң өлкесі III дәрежелі «Ғылыми техникалық прогресс сыйлығына» ие болады. Ғылыми мақаласы 1991 жылы Ләнджоу қаласында өткен Батыс-солтүстік өлкелер жас ғалымдарының симпозиумында таңдаулы ғылыми еңбек болып бағаланған. Ғылымдағы елеулі еңбектері үшін 1991 жылы Бүкілқытайлық ғылым қоғамының және ғылым-техника қоғамының тұрақты мүшелігіне қабылданады. Ілім-білімнің телегей теңізіне сүңгіп, ғылымның қыр-сырына қаныққан жас ғалым 1992 жылы осы қоғамның ең үздік «Жастар сыйлығын» олжалайды. Ғылымға деген құштарлық, туған ел, ата-қоныс, Қазақстанға деген сағыныш Райыс Арипжанұлын 1991 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының А.Бектуров атындағы Химия ғылымдары институтына аспирант болып қабылдануына жол ашады. Онда академик Е.Ерғожинның тікелей жетекшілігінде ғылыми зерттеу жұмысын жалғастырып, жетекшімен бірге 6 ғылыми мақала жариялап, 2 бірдей тапқырлық өнері үшін Қазақстан Республикасы патент мекемесінен авторлық куәлік алады. Бұл тәуелсіз Қазақстан мемлекетіне еңбегімді сіңірсем деген ғалымның басты арманы болған. 1995 жыл «Бірнеше комплексондар негізіндегі селективті йон алмастырғыштар» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып, 1996 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым Министрлігі-Ғылым Акемиясыныңың үздік Жас ғалым сыйлығын иеленген Райыс ғылыми ізденісі орта жолдан күрт тоқтағанына өзі де өкінеді. Себеп, нарықтық жүйеге көшкен Қазақстанда, тіпті күні бүгінге дейін ғылым саласына аса зор көңіл бөлініп жатқан жоқ. Оны өмір жолдарын ғылыммен байланыстырған жастардың шет мемлекеттерге кетіп жатқанынан көруге болады. Түбі бір ғылымға айналып келерміз деген үмітпен «Жанел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, «Нұрлы-Арасан» атты сумен ем жүргізетін сауықтыру орталығын ашады. «Жанел» деп айдарлап ат қоюыңызға не себеп болды?» деген сауалымызға, туған елдің, бір жұтым ауасына, туған жердің бір уыс топырағына зарығып қаншама жан жат-өлкеде жүрген «шілдің қиындай шашыраған» ата-апаларымыз, бақылық болып кетті. Солардың арман тілегін Алла бізге көруге нәсіп еткен екен. Сондықтан «Жаным-Елім» деген мағына беретін осы атауды лайық көрдім деп ағынан жарылды ол.

– Иә, Отанның қадірін шетте жүрген шерменделер және ата-жұртына оралғандар жақсы түсінеді. Оның айқын көрінісі, сартап болған сағынышын, қобыз кеудесіндегі күйікті басу үшін, кәсібінің атауына «Жаным-Елім» есімін беріп, бой-тұмардай қастерлеуінен көруге болады. Сабырлы сарқылмайтын, қара бойлы, қарапайым қазақ баласының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Нұрлы ауылының Сарбұлақ мекеніндегі қараусыз қалған, кешегі кеңестік кезеңде арнайы зерттеулерден өтіп, шипагерлік емі өте зор арасан суын халық кәдесіне жаратуда. Жер астынан қайнап шығып жатқан 40- 45 градустық ыстық судың құрамында фтор мөлшерінің жоғарлығы (-11,5мг/л) жүрек қан тамыр, тұз байлану, құяң, жүйке-жүйелері тері буы ауруын емдейді. «Бұл арасан қайдан көзіңізге түсіп жүр?» деп сұрадық. Бірде, Құранды қазақшаға аударған Халифа Алтай ақсақал «Шелекке апарып келсең» деген өтініш айтты. Сол кісіні осы маңға алып келіп «Нұрлы» ауылына тоқтадық. Бала-шағаға орнығуға қолайлы жер деп үй алды. Айналамен танысып жүріп осы ыстық су шығып жатқан жерді көрдім. Иесіз жатқан жерден шығып жатқан ыстық судың тегін емес екенін білдім. Өзім химик болған соң тәпіштеп сұрай келе, кезінде геологтардың зерттеуінен өткен, емдік қасиеті бар су екенін біліп, дереу сол кездегі аудан әкімі болған Құдайберген Орынбетовке барып, «осы жерді маған беріңіз, мен кәдеге жаратайын, кәсіп ашайын» дедім. Ол кісі дереу қолдап, жер бөлімінің маманын шақыртып, жердің картасын көрсек, бір ұйғыр азаматы сатып алыпты. Оған іздеу салсақ, Панфилов ауданында тұрады екен. Не керек, екі жыл соңында жүріп, сұраған қаражатын беріп сатып алдым. Мен алғанда бұл жер иен дала еді. Қазір келіп емделушілерге арналған үш бірдей қонақ үй, және екі қазақ үй тігілген. Мұнда су құбыры арқылы ашық алаңда екі бассейн бар. Біріншісі 45 градуста егде және орта жастағылар, ал екінші бассейін +40 градус сәл салқындау онда көбіне бала-шағалар түседі. Бұдан бөлек, жеке-жеке камералық ванналар бар. Суға түсушілер үшін белгілі уақыт шектелмеген. Барлық жағдай жасалған, келушілерге арналған асхана, қажетті заттары мен азық-түлік, өнімдерін алатын дүкен күндіз-түні қызмет жасайды. *«Әу баста, келушілер аздау болатын. Тек, Алматы және осы төңіректегі адамдар келетін. Қазір емдік шипасын естігендердің бәрі ат сабылтып келуде. Тіпті Ресейден Қазақстанның барлық аймағыннан келушілер бар. Қона жатып емделушілердің жамбас ақысы және суға түсуімен есептегенде 4000, ал күнбе-күн, тек суға түсіп қайтушылардың сағаты 500 теңге»* – дейді шипажай иесі.

«Мың рет естігеннен бір рет көрген артық қой, Айтеке, жүрсеңші кабинетке тығылып отыра бермей» деп қолқалап апарған Құрметбек Сансызбайұлына мың бір алғысымды жаудырып, шипалы арасаннан құрысып жүрген жон-арқамды жазып қайттым. Расында иегіміздің астында тұрған шипасы бар суға түспей, дәрігерлер жазып берген химикат дәрілерді нан жегендей күйсеп, ішқұрылысымызды бүлдіріп жүрміз ғой. Аузын ашса, көмекейі көрінетін Райыс бауырымда, жұбайы Жанай, Қаһар мен Бақыт, Тілепалды тағы басқалары «ауылымызға ақын келді» деп төбелеріне көтерді. Құрметбектің арқасында құрмет көріп, «хәйләйім» деп сайрап, еріп барған немерем екеуімізде жайнап қайттық. Себебі «Нұрлы-Арасан» деген айтулы шипажайдың есімі болса, менінде немеремнің есімі Нұрлы еді. Ыстық судың буына масаттанған немерем «ата менің атыммен аталатын суға тағы барайықшы» деп жүр.

Жарнамасы жаңғырса, «Сарыағаш», «Керімағаш», «Жаркент-Арасан-мен» иық тірестіретін үлкен шипажайға айналары сөзсіз. Өйткені, дертіне шипаны осы судан тауып, сонау Ресейден келетіндер қарасы да көбейген. Өттең, арасанға апаратын 9 шақырымдық жолға мемлекет қолұшын созып жіберсе, шипалы суға түсушілер жылдың төрт мезгілінде толастамас еді. Жолдың жобалық сметасы түгел жасалып, орта жолда тоқтап қалыпты. Ғалым, шағын кәсіптің иесі Райыс бауырымыздың «Жанел» ЖШС-інде 100 гектар мал жайылымдық жері, 30 шақты ірі қара және 110 тұяқ ұсақ мал бағылуда. 30 гектар суармалы жерінің 5 гектарына 2009 жылы алма бақ, 1 гектарына қытай құрмасын егіп жемісін теруде. Биыл алма бақтан 10 тонна алтын алма (золотое превосходное) алған... Қытай құрмасы, Алла бұйыртса биылдан бастап жеміс береді. 2000 жылдан бері Нұрлы ауылында «Жанел» атты азық-түлік дүкені мен дәріхана уақытша тоқтап тұрғанын айтты.

Иә, «қолы қимылдағанның аузы жыбырлайды» демекші, кәсібінен нәсіп тауып, жұмыс көзін ашып отырған Райыс Арипжанұлының елеулі еңбегінде ескерусіз қалмапты. Жеке кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін 2002, 2009, 2011 және 2014 жылдары Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің марапатына, белсенді қоғамдық қызметтері үшін 2012 жылы Алматы қаласы әкімдігі тарапынан марапатталған. Ғылым-ілімді жанына серік еткен азамат 2011 жылы қажылық парызын орындаған. Алланың ақ жолынан адаспай, маңдайын бес уақыт сәждеген қойған бауырымыз Алматы облыстық қажылар қауымдастығының бірінші орынбасары қызметін қоса атқарып келеді. Ұлын-ұяға, қызын-қияға қондырған кәсіпкер бауыр еті балаларынан немереде сүйіп отыр.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕК

ҚОНАЕВҚА НЕГЕ СОҚТЫҒА БЕРЕМІЗ?

Жалғасы. Басы өткен саңда.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Жиенбаев: «...Әрине, түрлі жолдармен, жағдайлармен әркім де басшылықтың биік сатыларына көтеріледі. Көтеріліп, кейін ұмытылатындар да көп. Ал Димаш Ахметұлы ұмытылмайтындардың, халықтың жүрегінде мәңгі қалатындардың қатарында. Ол аса парасатты да талантты басшы болды, халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Ол өз заманының ұлы саясаткеріне айналды. Халықтың мүддесімен өмір сүрді. Оған деген құрмет аса жоғары қызметте жүрген кезінде ғана емес, ол қызметтен кеткен соң да бәсеңдеген жоқ. Қайта бұрынғысынан да өсе түсті. Оның кен инженерінен бүкіл бір республиканың басшысына дейінгі өмір жолы, еңбекқор да аса жоғары зиялылық келбеті кез келген деңгейдегі басшы атаулыға үлгі-өнеге болғандай», – дейді. («Елін танытқан ер». «Егемен Қазақстан» 12 қаңтар 2012 жыл).

Бұрынғы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, экономика ғылымдарының докторы Серікболсын Әбділдин: «...Жалпы, Димаш Ахметұлымен болған жүздесулерден ол қандай жағдайларда өтпесін, мен айтып жеткізе алмас әсер алдым. Бұл маған өмірлік сабақ та болды. Бүгінде уақыт төреші оны өткен жүзжылдықтың аса көрнекті қайраткерлерінің тұғырына өзі алып шықты.

Д.А.Қонаевтың ширек ғасыр ел басқарған жылдарының әрбірі ғасырмен пара-пар болды. Қазақстан Кеңестер Одағындағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық саласы дамыған аса ірі аймақ дәрежесіне көтерілді, әрине, Димекеңнің арқасында». («Кемеңгер Қонаев» «Даналыққа тағзым». «Дала» 2003 жыл, 114 б).

Халықтық тұлғалар туралы естеліктері көп. Ал романдар аз. Неге? Өйткені жанр тек шығармашылық шеберлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Тарихи романның жөні бір басқа. Кешегі көз көрген тұлғалар туралы жазу көркемдігімен қатар шыншылдығымен де бағаланады. Қай іс те салыстырудан тұрады емес пе. Жазушы Ілияс Есенберлиннің 1991 жылы «Жұлдыз» журналының қараша айындағы санына «Мұхиттан өткен қайық» атты деректі романы жарық көрді. Роман Дінмұхамед Қонаев туралы. Көркемдікке бой алдырып кетпей, болған жайды нақты баяндаған. Басты кейіпкердің және басқалардың образдары сенімді шыққан. Диалогтарды да орынды қолдана білгені бірден байқалады. Міне, Қонаевтың табиғи болмысы. Егер Есенберлин оны тым әсірелеп, шындықтың аясынан шығарып жібергенде Қонаев романның шығуына қарсы болар еді. Жазушының жауапкершілігі сол талапты үнемі қаперінде ұстағанынан көрініп тұр. Енді үзілген желіні қайта жалғайық.

«Өсек естігеніне, шындық көргеніне жүгінеді». Досанов тыңның бес облысын Ресейге қосуға қарсы болғаны үшін Хрущев Тәшеновті қызметінен босатқанын айтады. Ал Еңбек заңында басшы өзіне қарсы пікір айтқанды босатсын деген анықтама жоқ. Хрущев қанша дарақы болса да соны білетін шығар. Жазушы Тәшеновтің үстінен КОКП ОК-не түскен арыз-шағымдарға байланысты орнынан алынғанын неге жасырып қалған? Оған көзге көрініп тұрған дәлелдер де аз емес еді ғой.

Жарайды, Хрущев бес облысты Ресейге беруге алдын ала Қонаевпен келіскенақ болсын, ендеше, басты қарсыласына санаған Тәшеновті орнынан алған соң, неге сол сорақы ойын жүзеге асырмаған? Кезінде Ресейдің сөз ұстар азаматтарының қарсылығына да қарамай, КСРО-ның Конституциясына да пысқырмай, Қырымды Украинаға қоса салды емес пе. Сондай жан Тәшеновтің сол қарсылығынан қаймығып, райынан қайтты дейсіз бе. Оның жөні де келе қоймас. Өйткені Саяси бюродағылардың бәрі бірдей Қырымды Украинаға қосуын құптамаған. Ол Тың өлкесін Ресейге қоспақ түгілі кезінде Маленков бастаған топтың Қазақстаннан тың көтеруге қарсы болғанын ұмытқан жоқ. Дәлел керек пе? Қонаев 1956 жылы шілденің соңғы күндері Қостанайға келген Хрущевті толқындай тербелген астықты алқапқа алып барғанын есіне алып:

«...Бітік шыққан астықты көріп сүйсінді ме, жоқ тоқ көңіл тебірентті ме, әйтеуір қалыңның ішіне бойлай сұғынып барып:

– Жақсылап тұрып суретке түсіріңдерші, – деді ақсия күліп. – Мәскеуге барған соң тыңның «ата жауларының» бетіне басайын».

Фотожурналистер Хрущевті жатып та түсірді, тұрып та түсірді», – дейді. (Дінмұхамед Қонаев «Өтті дәурен осылай» «Дәуір» баспасы. 1992 жыл, 168 бет).

Хрущевке өлкені Ресейге қосып алу үшін әуелі тыңның сол «ата жауларынан» құтылуы қажет болады. Оған уақыттың сәтін күтуіне тура келеді. Сондай-ақ, Досанов романында Тәшеновтің бес ай бойына жұмыссыз жүргенін айтады. Сонда ол нені меңзеп отыр? Сөз астары Қонаев қызмет ұсынбады дегенге келтіргені ғой. Бұл жерде де автордың шындықты бүркеп, бұра тартқаны көрініп тұр. Қайта Қонаевтың қолдап, көмектесуінің арқасында Шымкент облыстық Атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне әзер қолы жеткені анық. Оны Досановтың айтқысы келмеген. Шындықты білетіндер көп. Бірақ соны ашып айтатындар мүлдем аз. Досанов та тартынып қалған.

1954 жылы Хрущев Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовті қызметінен неге алды? Ия, тың көтеруге қарсы болғаны үшін. Ол тыңның орнына қазақтың кең байтақ жерінде мыңғыраған мал өсіруді, халықты ет өнімдерімен қамтамасыз етуді жөн көрген.

Қаламгер Сәбит Досанов тарихшы Кәрішал Асан-Атаның деректеріне сүйенгені анық. Сол Кәрішалдың 2006 жылы қай баспадан шыққаны белгісіз «Шынжырда өткен жолбарыс» кітабында: «...Қазақстан Жұмабек Тәшеновтың көрегендігінің арқасында дүниежүзіндегі жеті астықты елдің біріне айналды. ...Демек Тәшеновтің халқының алдындағы еңбегін сол ғаламат тың игеру проектісінің атасы Н.С.Хрущевтің өзі мойындап, сонау 1954 жылы Алматының Абай атындағы опера және балет театрында өткен жас тың игерушілердің тұңғыш слетінде биік мінберде тұрып: «Ж.А.Тәшенов Қазақстанда тың игерудің көш басшысы, инициаторы», – деп баршаға мақтанышпен жария еткен». (92-93 бб).

Мұны аз десеңіз Кәрішал аталмыш кітабының 33 бетінде «Арқа ажары» газетінің 1997 жылы 18 қарашада жарық көрген санынан нақты мысал келтірген. «...Сол сияқты Жұмекең өзі бір әңгімесінде: «Мен еш уақытта тың көтеруге, Қазақстанның байлығын игеруге қарсы болып көргенім жоқ, тек қазақ елінің дербестігі жөнінде орталықпен қатты айқасқа түсіп жүрдім». Сонда қалай, тың көтеру Тәшеновтің бастамасы болғаны ма деп бүгінде баз біреулер таңданып жатады. Ал мен құралпылар үшін бұл жаңалық емес. Сол жылы бұл хабарды талай рет естіп, құлағымыз сарсыған. Тіптен Хрущевтің өзі айтты деп Тәшеновті мақтан тұттық. Жастықтың әсері болар, тыңның түпкі саяси мәніне көңіл қоймағанымыз да рас. Тәшеновтің бір ойлағаны бар шығар деп мән де бермедік. Күдік-күмәнсіз сендік. Шаяхметовтің орнынан алынғаны бізге жөн сияқты көрінді. Кейін өкінеріміздің қайдан білейік.

Кәрішал оны «көреген» дейді. Тәшенов көреген болса сол тың көтеру Қазақстанға қаншама қасірет әкелетінін неге білмеген? Хрущевтің басқа республикалар комсомол жастарынан бөлек ойдан қашқан, қырдан қашқан қылмыскерлерді елге әкелетінін естіп тұрып, неге қарсы болмады? Айналдырған үш жылдың ішінде бір жарым миллион еуропалық нәсілділерді Қазақстанға қойша тоғытқан жоқ па. Аз ғана қазақтың сайда саны, құмда ізі қалмай келімсектерге жұтылып, тілінен ғана емес жеріне де ие болудан қалды ғой. Ең бастысы, ұлттық рухани құндылықтарымыздан айырылып, соның зардабын күні бүгінге дейін тартып келе жатқанымызды айтсайшы. Философия ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Кенжебаев сол бір тың көтеру жылдары Қазақстан ЛКЖО басқарған. Ол 1958 жылы 16 сәуірде Мәскеуде болған ВЛКСМ-нің XIII съезінде сөз сөйлеп, тыңдағы осы бір келеңсіздіктерді айтқаны үшін қызметтен босатылды.

«Қазақстан-Заман» газеті Жылқы жылы 6 қарашада «Тың игеру – адамзат тарихындағы ірі жобалардың бірі» деген атпен Құрманғали Нұрғалиевтің зерттеу-сараптама мақаласын жариялаған. Онда тыңның жетістіктерін айта келіп, қазақ қоғамына тигізген кері әсерлеріне де тоқталған.

«...Тың игеру жылдары Қазақстанда 25 млн. га жер игерілді. Ал Одақ бойынша 41 млн. га жыртылған. Астық өндіру көлемі жағынан Қазақстан КСРО-да 2-ші орынға шықты. Дегенмен «әттеген-ай» саны да аз болмады. Көптеген жылдар бойы тың жерлерді игеру партия көрегендігі, мемлекет жеңісі ретінде дәріптеліп келді. Ал оның көлеңкелі жағы туралы ештеңе айтылмады және айтылуы да мүмкін болмады. Ең алдымен Қазақстанға келген тың игерушілер арасында арамтамақтар мен қылмыскерлер де болды. 1954-1955 жылдарда Қазақстанға келген 650 мың тың игерушінің 150 мыңы ғана механизаторлар болды. Нәтижесінде, көптеген тәртіп бұзушылықтар, қылмыстар болып тұрды.

Сырттан келушілер көп болып, қазақтар ата қонысында азшылыққа айналды: 1954-1962 жылдары 2 млн. адам келді. Қазақтар республика тұрғындарының үштен бірінен де аз болды. Мысалы, 1897 жылы санақта 85 пайызды құраса, 1962 жылы 29 пайызға әзер жетті. Аса көп территория жыртылып, нәтижесінде көп жерлер тіршілікке жарамсыз болып қалды. Экологиялық жағдай күрт нашарлады. Топырақ эрозияға ұшырып, жердің құнарлылығы азайды. Қазақ мектептері, балабақшалар, қазақ тіліндегі газет-журналдар азайды. Қазақ тілінің қолдану аясы тарылды. Осының барлығы қазақ халқының бір бөлігінің өз ана тілін ұмытуына әкеп соқты».

Ия, роман көркем жанр. Ойдан шығарған әңгіме, повесть болса, еркін көсілуіңе болады. Ал кейіпкерлері өмірде болған соң нақты деректерді сақтай отырып, ақиқаттан аттамағаны ләзім. Өйткені олардың кім екенін, шын өмірде қандай жан болғанын миллиондар біледі. Жазушының еркіндікке жөнсіз ерік бергені өзгелерге кері әсер етері анық. Бүгінгі оқырманның талғамы басқа, бәріне сын көзімен қарайды. Олар бір жаққа бұра тартпай нақты шындық жазылғанда ғана сене алады. Ал Сәбит Досановтың «Жи-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ырмасыншы ғасыр» романы халықтық сыннан өте алмасы кәміл.

Қазақта «Көргені жақсы – көш бастар» деген ұлағатты сөз бар. Бұл Дінмұхамед Қонаевқа арнап айтылғандай әсерде қаласың. Ол әділдікті ту етіп ұстап, биік парасатымен, кемеңгерлігімен ел басқарған ірі тұлға. Асыл ағаның қолында билік тұрғанда алдын көргенім жоқ. Ал зейнеткерлікке шыққан кезінде қазақы жолмен інілік ізетімді жасадым. Дастарханымнан дәм татып, ең сыйлы қонағым болды. Қонаев аз сөйлеп, көп тыңдайды екен. Арамыздан бір кісі: «Димеке, осы Үкіметті бір жылдай басқарған Тәшенов қандай адам? Көзін көргендер мінезді жан болған деседі ғой», – деп тосыннан сұрақ қойды. Дінмұхамед Ахметұлы аз-кем үнсіз отырды да: «Тәшенов халық үшін еңбек етті. Құрметке лайық жан. Ал мінез кімде жоқ?» – деді де қойды. Алматыға жүрер кезде: «Бұрынғы бабаларымыз бен біздің қатарымыз империяның зардабын көрді. Бар билік Мәскеудегілердің қолында болды. Ал сендер Тәуелсіздіктің қадірін біліңдер», – деді. Ретті жерінде Димекеңе сәлемімді үзбедім. Ол кісінің табиғатын жақсы білемін.

Бұрынғылардың сөзі қандай! «Бетеге кетіп бел қалар, Бектер кетіп, ел қалар». Осы сөзде қаншама ой жатыр? Әрине түсінген жанға. Бұл пәниден кімдер өтпеді. Бар өмірін, ерік-жігерін елдің өркендеуіне арнаған асылдар, мен шыбын жанын күйттеген жасықтар да бақилыққа атанды. Асылдардың артында өнегесі мен игілікті істері қалды.

1993 жылы 22 тамызда әулиедей болған Димекең де бақилыққа аттанды. Оның «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабын ауық-ауық қайталап оқимын. Кітапта тәлім, ғибрат алар ұлағатты сөздер көп қой. Кітапты ашқан бойда мына бір сөзбен өрнектеген ой жиынтығы көзіме түсті.

«...Шүкір, шыққан тауым биік болды. Омырауыма таққаным да бір басыма жетерлік еді. Атақ та алысқа кетті. Ел ішіндегі абыройым да баршылық тұғын. Соған қарамастан, табыстан бас айналған жоқ. Тұла бойымдағы бар қасиетті сақтап қалуға тырыстым. Күнделікті өмірде де, жұмыста да сол үш қасиетке арқа сүйедім. Олар – қарапайымдылық, адалдық, табандылық. Екі нәрсені, «Ашудан сабыр артық, теңдесі жоқ байлық – қанағат» деген шығыс даналығын жадымда ұстадым. Қандай жағдайда болмасын, сабыр сақтап, мейлінше қайырымды болуға ұмтылдым. (421 б).

Дінмұхамед Қонаев халықтың жүрегінен мәңгілік орын алды.

«Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр...»

Өткен жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 4 қыркүйектегі №33 санында мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Несіпбек Айтұлының «Жер – жаннан қымбат» атты поэмасы жарық көрді. Поэманың VIII-ші бөлімінде мынандай өлең жолдары бар.

Өз еркін болмаған соң өз басында,
Қайнайды ашу-ызаң көз жасында.
Қайратты қалың шашың тік тұрса да,
Құның жоқ көк тиындық таз қасында.

Белгілі шабақ қандай, жайын қандай,
Күн қайда жаудың бетін қайырғандай.
Өзбекте кетті қанша қазақ жері,
Баласын анасынан айырғандай.

Құлдырап жан дауысы құлындағы
Тәшенов тағы жалғыз шырылдады.
Бірақ та өз дегенін істеп баққан,
Тоң мойын, тасыр билік бұрылмады.

...Қазақтың жоқ десек те шын дұшпаны,
Бүйірлеп жан-жағынан кім қыспады?
Айырылған ұлан-асыр сол аймақтан,
Қайтқаны – ұлтарақтай бір пұшпағы.
Сұғанақ көзін сатпай отыра ма,
Азуын басынбаса батыра ма?
Көп жерін алып қалды кең даланың,
Әйтеуір қайтты деген аты ғана.

Жолыңнан адал жүріп жаңылсаң да,
Халқыңа қызмет ет не қылсаң да.
Түгендеп қайтып алса кеткен жерді,
Кім қақты Қонаевтың қолын сонда?

Бұйырмас ашық айтсақ ел айыпқа,
Сүттен ақ, судан таза болайық та.
Әулие тұтқанменен айналасы,
Халықтың өкпесі көп Қонаевқа».

Айтұлы осылай Қонаевта өші кеткендей ала-құйын желдіртіп шығыпты. Айтуға оңай демекші, оған көзін жұмып-ашып, өлеңдетіп жазу да оңай екен. Мен ақын емеспін. Бірақ сөз маржандарын қиыннан қиыстырған Мұқағалидай ұлттық ақындарды құрметтеймін. Қазақтың бәрі өлең жазбаса да ақынжанды.

Айтұлының «Қайратты қалың шаштысы кім?.. Тазы кім?..». Бұл шешуі қиын жұмбақ емес. Қонаев пен Хрущевті меңзеп отырғаны ғой. Ақындық дүмбілездігіне салып, образды түрде кекесінмен, мысқылмен шендестіргенін айтсайшы. Қала берді Қонаевтай алып тұлғаның Хрущевтің қасында «көк тиындық құны жоқ» деп аруақты қорлағаны қалай? Қазақ есті адам аруақтың артынан ауыр, жөнсіз сөз айтпайды деуші еді ғой. «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді». Қонаев қорғаушыны қажет етпейді. Бірақ артында оны құрметтейтін халқы бар. Айтұлының шындықты айттым деп, тауып айттым деп, тапқан теңеуі осы ма? Оның мәдениеттен жұрдай дүбәра теңеуі заңға да қайшы келетінін білмегені ме? Бәлкім өзі айтқандай осы жыры үшін «айналасындағылардан» мақтау да естіген болар.

Айтұлына не деуге болады?.. Абайға жүгініп, төрелікті содан іздеп кітабын парақтадым. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасында» мынандай жолдар бар екен. «Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап». Айтұлына жауап осы болар сірә.

Ол жырында «Қайтқаны – ұлтарақтай бір пұшпағы» дейді. Дұрысы үш ауданнан өзбектерде қалғаны еріміздің бір пұшпағы. Бәлкім Несіпбек 1956 жылы 13 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қазақ КСР және Өзбек КСР аралығындағы шекараларды өзгертулер туралы Жарлығына байланысты Өзбекстанға Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын берілгенімен шатастырып отырған болар. 1955 жылы 1 маусымда осы мәселе бойынша арнайы комиссия құрылған. Комиссияның төрағасына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы Жұмабек Тәшенов бекітілген еді. Құрамындағылар: М.Бейсебаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Богасов, В.Шереметьев. Олар жергілікті жағдайды жете зерттей келіп «Өзбек КСР-на Мақтаарал ауданының кейбір бөліктерін беруге келісуге болады. Ал Мәскеудің Бостандық ауданын беру туралы нұсқауын негізсіз деп санаймыз» деп шешім шығарды. Өйткені Бостандық ауданының жері мал өсіруге қолайлы, құрылыс материалдарын өндіруге су-энергетикалық қорлары мол. Сондай-ақ қорғасын, көмір және машина жасайтын өндірістердің жұмыскерлері демалатын шипажайлар ұйымдастыруға өте ыңғайлы екенін ескертіп, бұл ауданды Өзбекстанға беру біз үшін тиімсіз» деген шешімді Қазақстан Компартиясы ОК-нің Бірінші хатшысы Леонид Ильич Брежневке табыс еткен. Обалы не керек комиссия шешімін Брежнев те қолдап, сол маусым айының соңына таман Мәскеуге Қазақстан Компартиясы ОК-тің Бостандық ауданын Өзбекстанға бермеу жөніндегі арнайы қабылдаған қаулысын жібереді. Содан аз ғана уақыт бұрын КОКП Бас хатшысы Никита Хрущев орыстардың ай-шайына қарамай КСРО Жоғарғы Кеңесінің арнайы қаулысын шығартып, Қырымды Украинаға қосты емес пе. Ресейдің өзіне ақырып, айтқанын істетіп тұрған неме Тәшенов бастаған комиссияның шешімін, Брежнев басқарған Қазақстан Компартиясы ОК-нің қаулысын қайтсын. Оған пысқырған да жоқ. Бұл жолы да белден басты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1956 жылы 21 қаңтарда «Қазақ КСР құрамынан Бостандық ауданы және Мырзашөл жерінің бір бөлігін Өзбек КСР құрамына беру туралы қаулысын» шығартты. Оны КСРО Жоғарғы Кеңесі сол жылдың 13 ақпанында «Қазақ КСР және Өзбек КСР арасындағы шекараны ішінара өзгерту туралы» жарлығымен бекітті. Солай 499 мың гектар жерді Өзбекстанға қосты. Аудан құрамындағы 16 колхоз, біраз стансалар, зауыттар мен кәсіпорындар өзбек республикасына толығымен өтті. Бұл аз болғандай біраз уақыттан соң қазақтармен санаспай өзбектерге 3663 мың гектар жерді тағы алып берді. «Күштінің арты диірмен тартады». Несіпбек, бұл Брежневтің тұсында болған жайт.

Бұл мәселе ғалымдар тарапынан да зерттелген. «Qazaq» газеті 2019 жылы 26 сәуірде Мемлекет тарих институтының ғалымдары Сейітқали Дүйсен мен Қанат Еңсеновтің «Оңтүстік аудандары үшін күрес» атты зерттеу мақаласы жарық көрді. «...Орталық Үкіметтің авторитарлық-волюнтаристік қысымымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1956 жылы 21 қаңтарда «Бостандық ауданы мен Бетпақдала жерінің бір бөлігін Қазақ КСР-ның құрамынан Өзбек КСР құрамына беру туралы» қаулы қабылдауға мәжбүр болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында Төралқа төрағасы Ж.А.Тәшенов Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданы мен басқа қосымша жерлерді Өзбек КСР-на беру туралы мәлімдеме жасады. Онда Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал, Қызылқұм аудандарынан алынған 329 га жер, сондай-ақ 1936 жылдан өзбек колхоздары мен совхоздары уақытша пайдаланып келген жерлер Өзбекстанға толық берілсін делінген.

...1956 жылы жер жаннаты Бостандық ауданы мен шөл даланың бір бөлігінің Өзбекстанға берілуінің қалай заңдастырылғанына көз жеткізу үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясындағы баяндамаларға, пікірлерге толығырақ тоқталғанды жөн көрдік.

Жұмабек Тәшеновтің баяндамасынан:

«...Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының өтініші бойынша арнайы комиссия жіберіп, мұхият зерттеп, екі жаққа да тиімді ортақ шешімге келді. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары ұжымшарларының Бостандық ауданы және көрсетілген жер аумағын Өзбек КСР-ына беру туралы Республика Жоғарғы Кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады. Бостандық ауданы Өзбек КСР-на берілуі екі республика экономикасының бірлігін, территориялық жақындығын және шаруашылық, мәдени байланыстарының беріктігін көрсетеді. Сондай-ақ, туысқан Өзбек КСР-ы экономикасы мен мәдениетінің одан әрі қарқынды дамуына сеп болды. Сондықтан территориялық және экономикалық тұрғыдан алғанда Бостандық ауданын Өзбек КСР-ына беру орынды шешім деп ойлаймыз. Бостандық ауданы мен 499 мың гектар жер аумағын Өзбек КСР-ына беру қазақ халқының өзбек халқына деген шексіз сенімі мен сүйіспеншілігінің мысалы, елімізде мекендейтін халықтар арасында қалыптасқан туыстық байланыстардың жарқын дәлелі. Мұндай салтанатты сәт тек социалистік шындық және КСРО-дағы бұзылмас ұлттар достығы мен бірлігінің нәтижесінде жүзеге асқалы тұр. Коммунистік партия еліміздегі барлық халықтарды бір-бірімен жер дауын туғызбайтын, басқаның есебінен олжа табуға ұмтылмайтын, барлық мәселені тең өзара сенім мен туысқандыққа негіздеп шешетін біртұтас ортақ үйге топтастырады. Мұндай туысқандық әрекеттің бір жарқын мысалы – ұлы орыс халқының украин халқына Қырым облысын беруі болды. КСРО Конституциясында «Одақтас республикалардың территориялары олардың келісімінсіз өзгертілмейді» деп нақты жазылған. Осы арқылы кеңестік одақтас республикалардың егемендігі Конституцияда көрініс тапқан. Бостандық ауданы мен көрсетілген жер аумағын Қазақ КСР-ның құрамынан алып, Өзбек КСР-ның құрамына беру туралы шешім қабылдау тек қазақ және өзбек халықтарының ғана емес, Кеңес Одағының мемлекеттік мүддесіне сай келеді. (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттарының ду қол шапалақтары). Біздің республиканың құрамынан Өзбек КСР-ның құрамына Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданы мен көрсетілген жер аумағын беру туралы мәселені Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттарының қарауына және бекітуіне ұсына отырып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі депутаттары тарапынан бірауыздан қолдау табады деген сенім білдіреді. (Қол шапалақтау)».

Ал, билік өкілдерінің арасында әдеп, мәдениеттілігі төмен, ана тілінде сөйлемейтін, ұлттық ұлағаттылық,қазақи құндылықты ой-санасына қалыптастыра алмаған кадрлар толып отыр. Осылардың кесірінен бұқара қарапайым халық қоғамдағы болып жатқан барлық деңгейдегі келеңсіздіктер, жемқорлықтар, сыбайластықтарды мемлекеттік жүйеге қатыстыра қапаланады. Ал, адамдар парызы мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің жеке үлес пайызы туралы айтатын батыл да даналар шықпауы да бүгінгі қазақ қоғамының қажеттілігіне жетіспейтін қасірет деуге болады. Мұнымен келіспейтін жандар да табылар. Бірақта, менің айтпағым бүгінгі қоғамда өз отбасында баласы мен жұбайы-жолдасының алдында өзі жауап бере жауапкершілікпен тізгінді тең ұстап ел алдында еңселі ерлік көрсетіп көрініп жүрген жандар саусақпен санарлық. Ал арандатушы ниет, пиғылдағы қара басының қамы, қаражат ақша өсімін еселегісі келетіндер ел ішіне іріткі салудан қалыс қалар емес. Яғни ұлтына сатқындық жасайтындар да көп.

Елбасымыз, он жылдай бұрын айтқанындай бір бөлімде жұмыс жасайтын бес маманның бір екеуі шынайы адал қызмет істейді де қалғаны көкелерінің арқасында ана мамандармен бірдей жалақы алады. Сондықтан, жұмыс жасайтын екі үшеуіне толық айлық жалақыны бөліп беріп ана қалғандарын босатыңдар дегені қазақ қоғамында күні бүгінгі дейін орындалған емес. Жалпы, Елбасы, Президент, Үкімет басшысының әр бір айтқаны мен шығарған қаулы, ереже, қағида берген тапсырмалары жүз пайыз орындалып отырғанда мемлекет қызметкерлерінің жалақылары жоғары болып қаншама дәрігер, мұғалім, экономист, инженерлер шетел асып кетпес еді. Өкінішті...

Міне, жергілікті билік өкілдерінің қазақ елінің ертеңі, мемлекет пен халық мүддесі үшін қаншама құзырлы екенін және өзінің осы тұрғыдағы міндеті емес парызын ұлттық идеология негізінде қалай жүзеге асырғанын өмір деген ұстаз өзі сарапталды. Олардың бүгінгі қоғамдағы болмысын ертеңгі тарихи деректерде қандай тұлға болып қалатынын айшықтап беретіні де тарихи шындық. Жергілікті билік өкілдерінің ақылы мен білімі осыған жетпей отыр деп ешкімде айта алмасы анық. Бірақ, адами болмыс қасиетіне сай азаматтық парызын өтей алмай жалтақтап жүргендері де жоқ емес. Олар уақыты келгенде қызметтегі лауазымы бойынша істеген еңбек міндеті ғана емес елінің, ұлт азаматы ретіндегі парызын қалай өтегені жолында, атам қазаққа ықылым заманнан бері жалғасып келе жатқан тоғыз атаға дейін «ұрпағына қайта оралып отыратын» құт-береке ырыс немесе жағымсыз жайттар жүгін көтеретінін бүгінгі таңда сезінуі абзал. Мұндай жолды тегін білген текті азаматтар ғана қалт жібермей адалдықпен атқаратыны ақиқат шындығы. Бүгінгі қазақ қоғамына осы ақиқат шындық жетіспей, кемшін болып тұрғаны келеңсіздіктер мен наразылықтарды туындатып халықтың санасына күдікпен, үрей-қорқыныш ұялатуда. Елжұрт ел ертеңі не болар екен, өскелең ұрпақтың өмір жолына қандай кепілдік бар, қазына байлығымызға кім иелік етпек, жеріміз сатылып бөгделер белден басса не болдық деген сияқты сан алуан сұрақтарына жауап іздеуде.

Ал, «Көк туымыздың» қазақтың көгінде мәңгілік желбірей беретін құдіретін қарапайым халықтың санасына сіңіре саралап-талдап, тәпіштеп түсіндіре жаңғыртатын жандар ел алдына шығудан қорқақтайды. Не үшін қашқақтайтыны тек өздеріне ғана мәлім.

Ал,телеарналар ұлттық ұлылық, қазақи құндылықтарымызды дәріптеп, жастар мен жасөспірімдер санасына сіңіруден гөрі қазақи қағидаларымызға қайшы шетелдік атыс шабыс, ұрлық-зомбылық, қарақшылық, жабайы бәскелестік, мұрагерлік, таққа талас, бір-бірінен кек алу жолдары, қыздар қауымы өздері жігіттерге таласуды дәріптеген көп сериялы киноларды барлық каналдардын тұрақты көрсетуі озбырлық идея ұялатып баулуда.

Түйіндеп айтар болсақ қазақ қоғамы ұлттық идеологиядан ақсаудай-ақ ақсап бос сөзбен жалған ақпараттарды таратуда.

Осының салдарынан келеңсіздік пен наразылықты туындатып арымызға тән адамгершілік адамдық қасиет жетіспей тұр!

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

● МАМАН МІНБЕРІ

МЕДИАТОР БЕКІТКЕН КЕЛІСІМНІҢ ЗАҢДЫҚ КҮШІ БАР

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша медиаторлардың жәрдемдесуімен жүзеге асырылатын рәсім. Негізгі мақсаты қос тарапты бірдей қанағаттандыратын әрі қоғамның дауласу деңгейін төмендететін өзара тиімді, бейбіт келісімге келу.

Медиацияға кететін қаржы шығыны сот шығынына қарағанда төмен және уақытты үнемдеу жағынан да ұтымды. Сотта істі қару айларға созылуы мүмкін. Бір неше мәрте сот отырысы белгіленгенімен , оған тараптардың бірі келмей қалса, жайсыз жағдай тіптен ушыға түседі. Ал медиациялық рәсімде, дауды шешу үшін медиаторға небәрі 30 күн уақыт беріледі. Белгілі бір себептермен бұл мерзім ұзартылғанның өзінде екі айдан аспауы тиіс. Сотта тараптар бір-біріне қарсы әрекет етеді, өз позициясын, мейлі ол дұрыс немесе бұрыс болсын, табандылықпен қорғайды, ал медиация барысында, тараптар өзара ынтымақтасып,ортақ мәмілеге келуге тырысады. Істі қарайтын судья бағдарлама арқылы автоматты түрде тағайындалды, ал медиатор тараптармен таңдалады. Сот шешімді заңға сәйкес қабылдайды, ал медиатор тараптардың жеке мүддесін, заң шеңберінде тараптар қабылдаған шешімді ескере отырып келісім жасайды. Сот –жария үдеріс, ал медиация құпиялылықты қамтамасыз етеді. Медиатор рәсім барысында мәлім болған ақпаратты оны ұсынған тараптың келісімінсіз жарияламайды. Медиация кезінде тараптар талап арыз шеңберінен шығып дауды реттеудің түрлі жолдарын қарастыра алады.

Дауды реттеу туралы медиациялық келісім сот процесі барысында да, соттан тыс тәртіпте де жүзеге асырылады. Тараптардың соттан тыс тәртіпте жасаған медиациялық келісімінің азаматтық-құқықтық келісім-шартпен тең күші бар, сол себепті тараптардың бірі келісімді орындаудан бас тартқан жағдайда, мүдделі тарап жеңілдетілген (жазбаша) іс жүргізу тәртібіне сәйкес, келісім бойынша міндетті орындау туралы арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

Қазіргі уақытта, тәжірибелі медиаторлар бірігіп, арнайы ұйымдар құрғаны белгілі. Бұл ақылы курстар ұйымдастырып, медиаторлар дайындауда. Ешқандай курссыз өз бетімен білімін жетілдіріп немесе арнайы құқықтық білімі болғандықтан медиацияны кәсіп еткендер де бар. Арнайы құқықтық біліктілікті қажет етпейтін жанжалдарды шешуге дағдыланған әуесқой медиаторлар да кездеседі. Сондықтан, екі жақты бітімге келтіре алатын қабілеті бар кез келген адам медиатор бола алады.

Аудандарда медиатор қызметі кәсіби емес негізде жүргізіледі. Медиацияны кәсіби емес негізде жүргізіп келетін білікті медиаторлар жоқ емес. Дегенмен, «кәсіпқой» және «кәсіпқой емес» деген терминдер медиаторларды таңдау барысында өте маңызды рөл атқаруы мүмкін. Себебі, егер дауды кәсіпқой медиатор қарайтын болса, тараптарға осы медиатордың бекіткен келісімінің күші, кәсіпқой емес медиатордың бекіткен келісіміне қарағанда заңды болып көрінеді. Алайда, кәсіпқой медиатор немесе кәсіпқой емес медиатормен бекітілген келісімнің заңды күші бірдей. Медиацияның баяу дамуының салдарын бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Президентіміз Қ.Тоқаев Жолдауында айтып өткендей, «Медиация туралы» заң қабылданғаннан бері он жылдай уақыт өтсе де бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналыспай келеді. Расында, сот жүйесі медиацияны дамытуға қанша тырысқанымен, бір құрылымның күшімен үлкен нәтижеге жету қиын. Себебі, медиация көп бағытты іс-шараға мұқтаж. Соған орай барлық құзыретті органдар медиацияның дамуына өз үлесін қосуы қажет.

Медиацияны дамыту тараптардың адами қарым-қатынастарын сақтап қалуға мүмкіндік береді, олар өзара дос болып кетпесе де, бір-біріне жау болмай тарайтыны анық. Егер, дауласушы тараптар бітімге келу, яғни, медиация жолын таңдап, сотқа келмей-ақ, бір-бірімен татуласып, дауы оңынан шешіліп, туыстық, отбасылық қарым-қатынастары сақталып жатса, қоғамда дауласу, жанжалдасу қарқыны төмендесе, бізге одан асқан жетістік жоқ деп санауға болады.

Арайлым МЫНЖАНОВА,
Көксу аудандық сотының судьясы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ПОРЯДОК ПАРТИСИПАТИВНОЙ ПРОЦЕДУРЫ

Одним из основных новшеств ГПК, который действует с 2016 года, является введение партисипативной процедуры, которая заключается в возможности уладить спор до вынесения решения с помощью адвокатов. Согласно ГПК гражданско-правовой спор в полном объеме или в части, наряду с медиацией, может быть разрешен в порядке партисипативной процедуры. Задачей данной процедуры является оперативное разрешение споров в порядке, который устраивает обе стороны, и снижение нагрузки на судебную систему.

В отличие от медиации и мирового соглашения Партисипативная процедура проводится без участия судьи путем проведения переговоров между сторонами при содействии урегулированию спора адвокатами обеих сторон и стороны вправе заявить ходатайство об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры до удаления суда в совещательную комнату.Это означает, что стороны в обязательном порядке должны быть представлены адвокатами, тогда как в мировом соглашении и медиации участие адвокатов не обязательно.

Партисипативная процедура проводится на основе принципов:1) добровольности участия сторон;2) равноправия сторон в переговорах;3) недопустимости вмешательства в партисипативную процедуру;4) соответствия действий адвокатов, с участием которых проводятся переговоры в рамках партисипативной процедуры, действующих в интересах своего доверителя согласно Закону Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности».

Участниками партисипативной процедуры являются стороны по делу и адвокаты с обеих сторон. Условием участия в партисипативной процедуре является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре поручения с адвокатом, а также в ходатайстве об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры стороны в адрес суда, в производстве которого находится на рассмотрении спор.

Переговоры в партисипативной процедуре с участием адвокатов при урегулировании споров, возникающих из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, могут быть применены как до обращения в суд, так и после начала судебного разбирательства.

Проведение партисипативной процедуры в рамках гражданского судопроизводства начинается со дня когда, одна из сторон заявила об этом в суде в сроки и порядке предусмотренном ГПК.При выборе сторонами партисипативной процедуры суд имеет право приостановить производство по делу.При достижении соглашения судья в производстве, которого находится дело, проверяет содержание соглашения об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры и выносит определение о его утверждении и прекращении производства по делу.

Агзам АБДРАХМАНОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

ТРУДОВЫЕ СПОРЫ И ПОРЯДОК ИХ РАЗРЕШЕНИЯ

Трудовое право сложно для изучения и трудно для понимания. Кроме того, возникший между работодателем и работником конфликт может затрагивать одновременно несколько правовых отраслей. Их несоблюдение грозит материальными потерями и административными (а порой даже и уголовными) санкциями. Добавим сюда и правовой нигилизм работников, работодателей, а порой и состоящих в штате предприятия юристов.

Нежелание работника идти на компромиссы. Многие конфликты мож-но уладить мирным путем, через переговоры и взаимные уступки. Но случается, что работник не хочет соглашаться ни на какие условия. Тогда приходится тратить время и средства, чтобы разбираться с ним уже в суде.

Работодатели и работники ежедневно сталкиваются с вопросами в об-ласти трудового права. С изменением социально-экономических условий жизни в стране возрастает значимость трудовых правоотношений, а вместе с этим и количество случаев нарушения трудовых прав. Это и несвоевременная выплата заработной платы, и незаконные увольнения, и необоснованный отказ в приеме на работу, и многие другие нарушения трудового законодательства. Между работниками и работодателями, являющимися субъектами с интересами часто несовпадающими, а в ряде случаев противоположными, нередко возникают различного рода разногласия. Все они возникают из тех или иных действий, которые потерпевшая сторона намерена рассматривать в качестве правонарушения. Поэтому трудовой спор может возникнуть без наличия в его основе правонарушения. Например, работник, уволенный в связи с его отказом от перевода в другую местность вместе с организацией, оспаривает это решение работодателя, считая увольнение незаконным. В основании этого трудового спора, по мнению работника, лежит правонарушение.

К причинам нарушения трудовых прав и как следствие возникновения трудовых конфликтов можно отнести и слабое знание, а иногда и незнание правовых норм, непонимание механизма правового регулирования трудовых правоотношений. Не только работники нарушают трудовые правоотношения, зачастую и многие работодатели, пользуясь своим положением, предоставленным им трудовым законодательством, попросту злоупотребляют им.

Споры могут быть разрешены сторонами в ходе переговоров путем подбора оптимального для обеих сторон решения. Законодательством предусмотрен порядок разрешения трудовых споров в случаях, если стороны не пришли к единому мнению или не пожелали разрешить его путем переговоров.Если разногласия не были урегулированы заинтересованными работниками при непосредственных переговорах с работодателем, они могут стать предметом разбирательства органов по рассмотрению трудовых споров. Таким образом, виновность другой стороны, а также противозаконность действий, послуживших основанием для указанных разногласий устанавливается не сторонами спора, а специально созданным для его разрешения органом либо судом.

Рассмотрение индивидуальных трудовых споров основывается на общих положениях разбирательства споров, сложившихся в гражданско-процессуальной практике: доступность обращения работника, трудовые права которого нарушены, в органы по рассмотрению трудовых споров; равное положение для всех категорий работников на защиту своих трудовых прав;

Индивидуальные трудовые споры – наиболее массовый вид разногла-сий в сфере трудовых отношений между работником и работодателем. Порядок их рассмотрения урегулирован нормативно-правовыми актами, а также Трудовым Кодексом Республики Казахстан.

Гульнар БЕКТУРГАНОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

СОЗДАНА СЕРЬЕЗНАЯ ПРАВОВАЯ БАЗА



За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Прежде всего, это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления, как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.Отличительной особенностью гендерной политики Казахстана является то, что инициатором гендерных проектов выступает, в первую очередь, государство, которое принимает превентивные и опережающие меры в областях гендерного развития. В настоящее время Казахстан является участником более 20 различных договоров и конвенций по правам человека, в том числе и тех, которые направлены на обеспечение равноправия между полами, а также защиту женщин и детей.

Основным законодательным актом в сфере гендерной политики является принятый в 2009 году Закон Республики Казахстан «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин». За годы независимости Казахстан достиг определенного прогресса в реализации гендерной политики. Прежде всего, это нашло свое выражение в целенаправленном развитии женского потенциала, создании условий для равного проявления, как мужчин, так и женщин в трудовой деятельности, бизнесе, политике и государственном управлении, формировании равного доступа женщин к качественному образованию и здравоохранению, а также всесторонней защите материнства. На сегодня в Казахстане сформировалась целостная институциональная система гендерной и семейно-демографической политики, создана серьезная правовая база.

Жулдыз ТЕМИРГАЛИЕВА,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

МАСТЕР СВОЕГО ДЕЛА

ВАЖНОЕ ЗВЕНО В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ

Секретарь судебного заседания является важным звеном в судебной системе Республики Казахстан. С учетом того, что именно секретари судебного заседания являются одними из основных кандидатов на должность судьи, требования к ним обоснованно повышаются.

Среди умений, которые должны быть присущи секретарю – организаторские способности, умение анализировать, разрабатывать план определенных действий, работать с действующим законодательством, быстро реагировать на ситуации и приспосабливаться к ним, грамотно распределять свое рабочее время, а также очень важно владение приемами межличностных отношений. Последнее одно из самых важных качеств секретарей судебного заседания, так как именно они в первую очередь контактируют с участниками по делу и информируют их о дате следующего судебного заседания, о вынесении судебного акта или о готовности протокола судебного заседания и тому подобное.

Граждане обращаются в суды для решения споров и конфликтов, защиты своих ущемленных прав и свобод, а также другим причинам, не предполагающим радужного общения. Это обстоятельство может сказываться на их общении с сотрудниками суда, где могут проявляться нетерпеливость и даже недоверие. Секретарю в таких ситуациях необходимо, действуя в рамках закона и своих служебных полномочий, быть максимально корректным и недопускать конфликтных ситуаций.Так как сегодня в судебной системе происходят масштабные реформы и расширяется сфера применения новых технологий, секретари судебного заседания должны обладать достаточными навыками работы с офисной техникой.В обязанности секретаря судебного заседания входит: работа с электронными базами данных, в частности с АИАС «Төрелік», «Әділет», подготовка дела к слушанию, обеспечение необходимых мер для вызова в суд лиц, участвующих в деле, путем направления SMS-уведомлений и извещений.

От организованной работы секретаря судебного заседания, его ответственности, грамотности, добросовестного отношения к работе и даже аккуратности во многом зависит имидж судьи, соответственно и суда и всей судебной системы в целом.

Гаухар КАЗБЕКОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского СМАС.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ДОМОХОЗЯЙКА ОТКРЫЛА ШВЕЙНЫЙ ЦЕХ

Как сообщает пресс-служба палаты предпринимателей Алматинской области, домохозяйка из села Чунджа Уйгурского района Юлдуз Тураева благодаря государственной поддержке открыла собственный швейный цех.

В 2019 году обратившись в Палату предпринимателей Алматинской области, девушка записалась на обучение в проект по основам предпринимательства «Бастау Бизнес». В ходе обучения Юлдуз задумала проект по выпуску текстильных изделий. В результате проект получил грант в размере 500 000 тенге по программе «Жас кәсіпкер».

«*С юношества мечтала заниматься швейным делом. В начале это было хобби, делала комплекты для дома и родственников. После этого решила превратить хобби в большое и серьезное дело. В районном филиале «Атамекена» мне оказали всестороннюю поддержку для открытия и развития бизнеса. Сейчас мы шьем более 20 видов текстильной продукции. Изделия пользуются большим спросом не только в нашем районе, но и поступают заказы из соседних регионов и городов*», - отметила молодая предпринимательница.

На грантовое финансирование Юлдуз Тураева приобрела современное швейное оборудование. По ее словам, изделия выпускаются под брендом «Baby comfort» с маркой «Сделано в Чундже».

В швейном цехе работают семь человек. Они изготавливают 25 видов текстиля всех видов, в том числе приданое для невесты, комплекты для выписки из роддома, комплекты для детей разных возрастов, комплекты в кухню, постельные комплекты, комплекты в гостиную, шторы для грузовых автомобилей, одежда для девушек, одежда для новорожденных и другие.

В этом году предпринимательница планирует расширить производство, закупив оборудование для более масштабного производства продукции.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КҮРЕС

ҮШ ЖОЛДАМА БҰЙЫРДЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА АЛМАТЫДАҒЫ БАЛУАН ШОЛАҚ АТЫНДАҒЫ СПОРТ САРАЙЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНЕН ОЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ТУРНИРІ АЯҚТАЛДЫ. АЙТУЛЫ ЖАРЫСТА САРЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ 25 МЕМЛЕКЕТІНЕН КЕЛГЕН БАЛУАНДАР ӨЗАРА КҮШ СЫНАСЫП, 36 ЖОЛДАМАНЫ САРАПҚА САЛДЫ. ЯҒНИ ФИНАЛҒА ШЫҚҚАН БАЛУАНДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ДА ТОКИОДА КҮШ СЫНАСУ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНДІ. АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТКЕНДЕР ҚАТАРЫНДА ОЛИМПИАДА МЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДА ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРІЛГЕН САҢЛАҚТАР ДА БОЛДЫ.

Тұрсынов Токиоға барады

Жұма күні грек-рим күресі шеберлері боз кілемге шықты. Осыдан екі жыл бұрын Нұр-Сұлтанда өткен әлем чемпионатында Олимпиаданың алғашқы жолдамалары сарапқа салынғаны белгілі. Сол жарыста 60 кило салмақтағы Мейрамбек Айнағұлов пен 77 кило салмақтағы Асхат Ділмұхамедов Күншығыс еліне сапар шегетіндердің санатына қосылған еді. Келесі іріктеу сынын Алматы қаласы қабылдады. Иә, өз елімізде өтетін жарыста қалған төрт жолдаманы иелену үшін біздің балуандар барын салады деп үміттендік. Бірақ үкілі үмітіміз ақталмады. 67 кило салмақта белдескен Мейіржан Шермаханбет шешуші сында шабысынан жаңылды. Әлем чемпионатының қола жүлдегері деген атағы бар қандасымыз есімі көпшілікке беймәлім қырғызстандық балуан Марлен Асикеевтен ойсырай ұтылды. Есеп – 2:8.

97 кило салмақтағы Олжас Сырлыбай мен Оңтүстік Кореяның өкілі Сейол Ли арасындағы сайыста тең есеп тіркелді – 1:1. Ереже бойынша екі балуан тең түскен жағдайда соңғы ұпайды кім алса, жеңіс соның еншісіне жазылады. Бұл ретте Лидің бағы жанды.

Аса ауыр салмақта Георгий Цурцумия айқасты. Жасы 40-тан асқан ардагер балуанның үлкен спорттан қол үзгеніне бақандай 13 жылдың жүзі болды. 2004 жылы оның Афина Олимпиадасында күміс медальді иеленгенін жанкүйерлер ұмыта қойған жоқ. Одан бөлек, Цурцумияның әлем чемпионатының қола жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы, құрлықтың төрт дүркін чемпионы деген атақтары тағы бар. Арада 17 жыл өткен соң Георгий қайта Олимпия ойындарында күш сынасуды мақсат тұтты. Бірақ жалынды жастар сақа спортшыға ондай мүмкіндік бермеді. Алғашында кореялық Минсок Кимнен, көп ұзамай қытайлық Линдзе Менгтен ұтылған ол жарыс жолынан шығып қалды. Осылайша, үш балуанымыз Алаш топырағында өткен жарыста өз жанкүйерлерін қуанта алмады.

Жерлестеріміздің арасынан Нұрсұлтан Тұрсыновтың асығы алшысынан түсті. Ширек финалда ол жапониялық Масато Сумимен шеберлік байқасты. Бәсеке барысында 0:3 есебімен ұтылып жатқан қазақ жігіті екінші кезеңде жанкештілік танытып, жеңісті қарсыласының уысынан жұлып әкетті. Жартылай финалдық сайыста да жоғарыдағы жағдай айнақатесіз қайталанды. Үзіліске дейін Сушил Кумар қандасымыздан ұш ұпай озып тұрды. Бұл жағдай Нұрсұлтанның жігерін жасыта алған жоқ. Екінші кезеңде Үндістан өкілін төрттағаннан жұлып алған ол оңтайлы әдісін жүзеге асырды. Ақыры 9:5 есебімен жеңіске жеткен Тұрсынов Токиоға баратындардың тізіміне қосылды. Финалда қытайлық Фей Пенг боз кілемге шығудан бас тартты. Осылайша, Нұрсұлтан Олимпиада жолдамасымен қатар, жарыстың бас жүлдесін жеңіп алды.

Алматыдағы турнирдің қорытындысы бойынша Қырғызстаннан келген жігіттердің қанжығасы майланды. Айыр қалпақты ағайындарымыз үш жолдаманы олжаласа, Қытай, Оңтүстік Корея және Ираннан екі және Жапония, Өзбекстан және Қазақстаннан бір-бір балуан сондай құрметке бөленді.

Татьяна табандылық танытты

Сенбіде әйелдер күресінен бәсекелер өтті. Олар да 2019 жылғы әлем чемпионатында екі жолдаманы қоржынға салған еді. Бұл жолдамалардың иегерлері – Валентина Исламова (50 кило) мен Елмира Сыздықова (76 кило). Қалған қыздарымыз діттеген мақсаттарына Алматыда қол жеткізуді көздеді. Алатау баурайында ұйымдастырылған іріктеу турнирінде төрт бұрымдымыз боз кілемге шықты. Өкінішке қарай, қатарынан екі кездесуде жеңілістің кермек дәмін татқан Эмма Тисина (57 кило) мен Жәмилә Бақбергенова (68 кило) жарыс жолынан шығып қалды.

Барша жанкүйер 53 кило салмақта өнер көрсеткен Татьяна Ахметованың жанкештілігі мен табандылығына риза болды. Төрт дүркін Азия чемпионы, Азия ойындарының қола жүлдегері деген атағы бар 35 жастағы ардагер спортшы тұсаукесер кездесуінде тәжікстандық Ватансултан Шакаршоеваны шаң қаптырса, іле-шала моңғолиялық Болотуя Бат Очирмен белдесті. Бәсеке барысында 0:8 есебімен ұтылып жатқан Татьяна аяғынан ауыр жарақат алғанына қарамастан қарсыласын үш рет жамбасқа салып лақтырды. Осы үш әдіс те төрешілер тарапынан төрт ұпаймен бағаланды. Нәтижесінде отандасымыз келесі айналымға өтті.

Жартылай финалда Ахметова Оңтүстік Кореяның өкілі Ким Хен Джумен айқасты. Жарақаты жанына батқанына қарамастан ол Азия ойындарында үш мәрте, құрлық чемпионатында төрт рет жүлдегерлер қатарынан көрінген сақа спортшыны сан соқтырды. Сөйтіп Татьяна Ахметова көздеген мақсатына қол жеткізіп, Олимпия ойындарының жолдамасын қалтасына басты. Оның ақтық сындағы күресіне дәрігерлер рұқсат бермеді.

62 кило салмақ дәрежесіндегі Аяулым Қасымованың да жолдама алуға жақсы мүмкіндігі болды. Бастапқы бәсекелерінде кореялық Ханбит Лиден айласын асырғанымен ол моңғолиялық Цереншимедке жол берді. Ал жартылай финалда үндістандық Сонам Сонамнан ұтылды. Бір өкініштісі, екі ретінде де қазақ балуаны алғашында қарсыласынан бес-алты ұпай озып тұрды. Бірақ бәсеке бел ортадан ауғанда Аяулым білгенінен жаңылып, жеңісті уысынан шығарып алды.

Әйелдер күресінен моңғол қыздары ең көп лицензияға қол жеткізді. Олардың төртеуі Жапонияға баратындардың санатына қосылды. Қырғызстан, Үндістан, Қытайдың екі және Жапония мен Қазақстанның балуандарына бір-бір жолдамадан бұйырды.

Батырмұрзаевтың бағы жанды

Жексенбі күні еркін күрес шеберлері жарыс көрігін қыздырды. Бұған дейін біздің жігіттер төрт жолдаманы қоржынға салған еді. Олар – Нұрислам Санаев (57 кило), Дәулет Ниязбеков (65 кило), Данияр Қайсанов (74 кило) және Әлішер Ерғали (97 кило). Бапкерлердің «Қалған екі жолдама үшін кім таласады?» деген сауалға біраз бас қатыруына тура келді. Себебі жұлқынып тұрған жігіттер көп. Солардың арасынан ең мықтыларды іріктеп алу қажет. Кесімді сөзді ұлттық құраманың бас бапкері Әсет Серікбаев айтты. Айтулы маман 86 кило салмақта Азамат Дәулетбековті және 125 кило салмақта Юсуп Батырмұрзаевты боз кілемге шығаруды жөн көрді.

Алматыдағы жарысты екі жерлесіміз де керемет бастады. Екеуі де Оңтүстік Кореяның өкілдерін өз еліне қайтарды. Ширек финалда Азамат Квон Хек Бьонның тасталқанын шығарды. Бәсеке бір минутқа жетпей аяқталды. Юсуп та ұзаққа созбады. Ким Донгхванды ойсырата ұту үшін оған бар-жоғы үш минут жеткілікті болды. Бірақ одан кейін Дәулетбековтің бағы байланды. Ол Ресейден қоныс аударып, Өзбекстанның туы астында өнер көрсетіп жүрген Жабраил Шәпиевтен жеңіліп, жергілікті жанкүйерлердің көңіліне селкеу түсірді. Ал Батырмұрзаев ел сенімін ақтады. Жартылай финалдық межеде Қазақ елінің намысын қорғап жүрген ноғай жігіті үндістандық Самит Самитті сан соқтырып, Токиоға баратын балуандардың тізіміне қосылды.

Сөйтіп Қазақстанның еркін күрес шеберлерінің жеңіп алған жолдамаларының саны беске жетті. Отандастарымыздың арасынан әзірге тек 86 кило салмақтағы балуандар осалдық танытуда. Ал Алматыдағы турнирде Өзбекстан құрамасы тамаша өнер көрсетті. «Ала тақиялылар» төрт лицензияны өз қоржындарына салды. Иранның апайтөстерінің үшеуі Жапонияға сапар шегетіндердің санатына қосылды. Сондай-ақ Қытайдың екі және Қазақстан, Қырғызстан, Моңғолияның бір-бір өкілі сондай құрметке бөленді.

Сонымен Алатау баурайында ұйымдастырылған дүбірлі дода өз мәресіне жетті. 2019 жылы Нұр-Сұлтанда жалауы желбіреген әлем чемпионаты және күні кеше Алматыда аяқталған турнирді қоса алғанда, Қазақстанның балуандары барлығы 11 лицензияға иелік етті. Тарқатып айтсақ, еркін күрестен бес, грек-рим күресі мен әйелдер күресінен үш-үштен жолдаманы қоржынға салдық. Алда тағы бір іріктеу сайысы бар. Бұл жарыс 6-9 мамыр күндері Болгарияның астанасы – Софияда өтеді. Сол бәсекеден кейін биыл Токиода алауы тұтанатын Олимпия ойындарында күш сынасатын балуандар толықтай анықталады. Соңғы сынақта Қазақ елінің өрендері төрт жылдықтың басты додасына толық құраммен бару үшін барын салады деп үміттенеміз.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
Алматы қаласы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

ЕКПЕ САЛУ МЕН ПТР-ТЕСТ ОРАЗАНЫ БҰЗА МА?

Оразаны ауыз бен мұрыннан енген тағам мен су бұзады. Ал вакцина теріге салынатындықтан одан ораза бұзылмайды. Журналистермен бірге өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласының имамы, Мұсылмандар Діни басқармасының ғалымдар кеңесінің мүшесі Бауыржан Әлиұлы осылай деді.

Имамның айтуынша, ораза бұзылуына қатысты арнайы шарттары бар. Ол – ішіп-жеу, дәрі ішу. Ауыз бен мұрыннан, тік ішектен кірген сұйықтық та ораза бұзады.

Вакцина теріге салынады әрі оның адамға "система салдырған" сияқты денеге күш-қуат беретін қасиеті жоқ. Сондықтан вакцина салдырудан ораза бұзылмайды. Рамазан айының бітуін күтпей-ақ екпе салдыруға болады, - деп түсіндірді Бауыржан Әлиұлы.

Имамның айтуынша, ПТР-тест те оразаны бұзбайды.

Шариғат бойынша, асқазанға тікелей түскен зат қана оразаны бұзады. Ал оған ПТР-дың еш зияны жоқ. Сондықтан Рамазан кезінде ПТР-тест тапсыруға болады, - дейді Бауыржан имам.



Алматы қаласының бас имамы Еркінбек Шоқай да айтқандай, исламның вакцинаға қарсылығы жоқ. Шариғатта да қарсы келерлік, уәж айтарлық ештеңе жоқ.

Коронавирус біздің елге ғана емес, бүкіл әлемге қауіпті. Ғалымдар мен дәрігерлер бұл вирустан құтылудың бірақ жолы бар деп отыр: ол – вакцинация. Ұжымдық иммунитет қалыптастыру ауырудан құтылудың қазіргі жалғыз жолы. Біз де дәрігерлердің айтқанына қосыламыз әрі шариғаттың вакцинаға қарсы емесін айтқымыз келеді. Президентіміз де вакцина салдырды. Дәрігерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің барлығы екпе салдырып жатыр, - дейді Шоқай.

ДИЕТОЛОГ КЕҢЕСІ

КҮНІНЕ 3 ҚҰРМА ЖЕУДІҢ ПАЙДАСЫ ЗОР

Құрманың денсаулыққа пайдасы зор. Асқорыту, жүрек-тамыр жүйесі және ми жұмысын жақсартады. Бұл жайында медицина ғылымдарының докторы және диетолог Синтия Сасс Health порталына берген сұхбатында айта кетеді.

Маманның пікірі бойынша құрманың құрамында көптеген дәрумен, минерал (кальций, темір, магний, калий, мырыш, марганец) және табиғи антиоксиданттар бар. Олар қабынуға қарсы қасиетке ие және жұқпалы аурулармен күресуге көмектеседі.

Күніне 3 құрма жеген пайдалы. Асқазан-ішек жолдарының қалыпты жұмыс істеуіне зор сеп болады, - дейді Синтия Сасс.

Көптеген халықтарда құрма қасиетті тағам саналады. Жоғарыда маман айта кеткендей, бұл жемістің екі-үш данасының өзі ағзаға өте пайдалы. Күніне 3 құрма жеп қана ағзаны қажетті микроэлементтермен қамтамасыз етуге болады. Дәрігерлер тіпті тәтті әрі зиянды кәмпиттерді құрмамен алмастыруға кеңес береді.

Құрма – адамның асқа деген тәбетін жақсартып, жұмысқа деген қабілетін жақсартады. Жүрек ауруы түрлерінің алдын алады, холестеринді, қандағы қантты реттейді. Сонымен қатар Альцгеймер ауруы бар адамдар үшін пайдалы.

Құрма көздің көру қабілетін жақсартады(тіпті сәбізден де пайдалы). Себебі құрамында А дәруменінің мөлшері көп. Егер өзіңізді сергек әрі қуатты сезінгіңіз келсе құрма жеп тұрыңыз. Бар болғаны 3 құрма жесеңіз бір күнге жетерлік энергия аласыз.

Материал «massaget.kz» сайтынан алынды.

ҒИБРАТТЫ ӘҢГІМЕ

ЕКІ ҚЫЗДЫҢ ОРАЗАСЫ

Пайғамбарымыз бір күні сахабаларына ораза ұстауды бұйырып, артынша былай деп қатаң ескерту жасады:

– Мен рұқсат етпейінше кешке ешкім ауыз ашпасын!

Елдің бәрі жаппай ауыз бекітіп, ораза ұстады. Кеш түскенде жеке-жеке келіп, ауыз ашуға рұқсат алып жатты. Дәл осы тұста бір кісі жақындап келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Екі қызым күні бойы ораза ұстаған еді. Ұялғандықтан өздері келіп сізден рұқсат сұрай алмады. Рұқсат етсеңіз, оразаларын аяқтап, ауыздарын ашса жақсы болар еді, – деп өтініш білдірді.

Алайда рұқсат берілмеді.

Әлгі кісі тағы екі рет келіп рұқсат сұрады. Үшінші рет келгенде пайғамбарымыз:

– Өкініштісі, олар бүгін ораза ұстаған жоқ. Күні бойы «кісі етін жеген» (әркімнің сыртынан өсек айтып, ғайбаттаған) адам қайтып ораза ұстасын?! Бар да оларға айт: егер ниет етіп ораза ұстағандары рас болса, дереу құсып тастасын, – деді.

Әлгі кісі айтылғандарды қыздарына айна-қатесіз жеткізді. Олар бұйрықты орындап, өздерін күштегенде кесек-кесек қан құсып жіберді. Әлгі кісі келіп бұл жайды пайғамбарымызға білдіргенде, ол:

– Құдіреті күшті Алла Тағалаға ант етейін, егер олар әлгі ұйыған қанды құсып тастамағанда, тозақта күйдіретін от асаған болар еді, – деді.

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Көптен кездеспеген екі дос бірін-бірі сынағысы келіп:

– «Құрыш қалай шыныққтыны» оқыдың ба? – деп сұрайды.

– Жоқ, мен көркем әдебиет оқитын кісімін. Ондай техника жөніндегі кітапты оқуға мойным жар бермейді.

– Мүмкін «Қарағандыны» оқыған боларсың?

– Сен өзің қызық екенсің ғой? Мен көркем әдебиетті оқитын кісімін деп жаңа ғана айттым ғой. Миыңа қонбай ма?

– «Ақ ауды» ше?

– Ей, келеке етесің бе өзің! Ақ аюың не? Мені аңшы деймісің?

– Салтыков-Щедринді оқыдың ба?

– Салтыковты оқығаным бар, Щедринге қолым жетпей жүр, – депті.

* * *

Ел жақтан келген бір ағайын есімі қалың қазаққа белгілі сықақшы, халқымыздың сүйікті ақыны Оспанхан Әубәкіровпен (1934-1986) әңгіме кезінде:

– Оспанхан қарағым, ішімдік атаулыны сен мүлдем қойыпты деп естідік қой, сол сөз рас па? – деп сұрайды.

Сонда Оспанхан иығын көтеріп, басын шайқап:

– Япырмай, бұныңыз жақсы жаңалық екен… Бірақ, өзім бұл жаңалықты әлі естімеппін! – деп жауап беріпті.

* * *

Бір жас журналист Батыр Бауыржанның ұлы, жазушы Бақытжан Момышұлынан: «Аға, соғыс туралы айтып беріңізші?», – деп сұрапты. Сонда Бақытжан: «Шырағым, соғыс кезінде мен окопта емес, бесікте жатқам», – деп жауап беріпті.

* * *

Ақын Жарасқан Әбдіраш төсек тартып ауырып жатады. Бірде аурухананың бас дәрігері келіп, Премьер-министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов келетінін, ақынның көңілін сұрамақшы екенін ескертеді. Бөлмені жинастырып, төсек-орынды жаңартып, тіпті Жарасқанның шашын да ретке келтіріп тарап, дайындайды.

Сонда ауыр науқас болса да әзілі қалмаған Жарасқан ақын:

– Апырмай, қатты дайындалып кеттік қой… Жазылып кетіп ұятқа қалып жүрмейік! – деген екен.

* * *

Жазушы Дулат Исабеков бірде Шөмішбай Сариевпен жолығып қалады.

– Шөке, сен мәңгі тарихта қалған ақынсың! – дейді Дулат.

Шөкең атақты жазушы ағасының өз шығармашылығына берген бұл бағасына кәдімгідей желпіне түседі.

– Рахмет, Дуқа! – дейді жалпылдап. – Шүкір, жақсы ақынбыз ғой…

Сонда Дулат:

– Айтайын дегенім – енді бірде бір қазақ өзінің баласына «Шөмішбай» деп ат қоймайтын болады. Бұл атты иеленген сен жалғыз адам боп тарихта мәңгі қалдың, – деген екен.

qazaqadebieti.kz/ сайтынан алынды.

Материал интернет желісінен алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР – тілші
Ардагүл ӘСКЕРБЕК – тілші

Кезекші редактор: А.ӘСКЕРБЕК

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

***Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 3554
Тапсырыс № 401
Индекс 15534